



Ұлттық ұлан - ел айбыны

БҰРКИТ

№ 2 (92)
2023 жыл

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының журналы
Журнал Национальной гвардии Республики Казахстан



БҰЛ САҢДА:



11

**«МАРАПАТТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ЕКІ ЕСЕ АУЫР...»**



14

БОЕВАЯ СЛУЖБА: 24/7



22

«ТӘРБИЕШІ БОЛУ – ЖҮРЕК ТАҢДАУЫ»



26

**ӨНЕРГЕ КЕЗ КЕЛГЕН ЖАСТА КЕЛУГЕ БОЛАДЫ –
РИНАТ ДОШИБЕКОВ**



37

**ОН ЖЕТИ ЖАУЫҢГЕРДІ ЕСКЕ АЛУҒА
АРНАЛҒАН ТУРНИР ӨТТІ**



39

МАҢЫБАЙ БАТЫР

2 (92) 2023 жыл

Алғашқы нөмірі 2005 жылы жарық көрді.
Журнал екі айда бір рет шығады.

“Ұлттық ұлан жаршысы” оқу-әдістемелік жинағы – журналдың қосымшасы болып табылады.

МЕНШІК ИЕСІ:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы.

Бас редактор:

Ерболат Сұлтанов

Редакция алқасы:

Үмбетов Қ.Ж., Тоқышев Қ.Ж.,
Крамар А.А., Сұлтанов Е.М.,
Қожахметов Қ.Ә., Сиярбаев А.М.,
Сейітов Д.Б., Қайырқенов Р. Р.

Көркемдік дизайн және беттеу:

Дәуренбеков Р.М.

Фототілші:

Парпура М.А.

Материалдарды көшіріп басқан кезде журналға сілтеме көрсетілуі тиіс.

Редакция жариялануға жолданған материалдарды қысқартуға, автор көзқарасын сақтай отырып, әдеби-көркем тұрғыдан өңдеуге құқылы. Қолжазбалар таратылмайды және қайтарылмайды. Фактілердің растығына және кейіпкерлердің аты-жөндерінің дұрыстығына, құпиялардың сақталуына – мақала авторы, баспа өнімінің сапасына – баспахана жауапты. Оқырмандармен байланыс тек журнал беттері арқылы жүргізіледі.

Басылымға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 23.01.2015 жылғы № 15076-Ж бұқаралық-ақпарат құралдары есебіне алу туралы куәлігі берілді.

Редакция мекен-жайы: 010000

Астана қ., Жангелдин к., 2

тел.: 8 (7172) 39-18-16, 72-40-30

«МЕДИАТУР» қоғамдық бірлестігі баспаханасында басылды. Астана қ., А. Иманова көшесі, 19

Теруге 10.04.2023 ж. берілді.

Баспаға 23.06.2023 ж. жіберілді.

Қағаз форматы – А4

Таралымы 1500 дана

Тапсырыс № 002

Мазмұны

4

Мәңгілік жадымызда

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ

9

«БЕКЕТ – 2023» оқу-жаттығуы

Мақсат ЖАҚСЫЛЫҚОВ

11

«Марапаттың жауапкершілігі екі есе ауыр...»

Құралай ЖҰМАҚЫЗЫ

14

Боевая служба: 24/7

Руслан КАЙЫРКЕНОВ

17

Тыныштықты ту еткен ұландықтар

Ертуған ӘУБӘКІР

19

Кузница специалистов автобронетанковой службы

Олжас АДІЛЬБЕК

22

«Тәрбиеші болу – жүрек таңдауы»

Дарын СЕЙІТОВ

26

«Өнерге кез келген жаста келуге болады»

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ

29

Жетінші рота һәм жетінші сәуір

Алтай ҒАЛИ-АСҚАР

32

Ұяда не көрсең...

Дарын СЕЙІТОВ

34

Эдуард Сапаров: Әр жарысқа барарда әке-шешемнің батасын аламын

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ

37

Шымкентте он жеті жауынгерді еске алуға арналған турнир өтті

Ерболат СҰЛТАНОВ

39

Маңыбай батыр

Жанбатыр САРТАЕВ

МӘҢГІЛІК ЖАДЫМЫЗДА



Осыдан тура 28 жыл бұрын тәжік-ауған шекарасында интернационалдық міндет аркалап, шекара күзетінде тұрған Ішкі әскердің 17 жауынгері жаумен шайқаста мерт болды. Есіл ерлерді еске алу мақсатында жыл сайын 7 сәуір күні Ерлік күні атап өтіледі. Биыл да «Қазбат» жауынгерлерінің құрметіне ашылған Ерлік аллеясындағы «Ер есімі – ел есінде» ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-майор Еркін Ботақанов арнайы қатысты.

Біз келгенде іс-шараға қатысушылар аллеяға енді-енді жиналып жатты. Сәлден кейін сап түзеген сарбаздар әзірліктерін пысықтай бастады. Құқықтық тәртіп әскерімен қатар басқа да күш-құрылымдары біріккен екен. Аздаған уақыттан соң ардагерлер шоғыры да қалындай бастағанын байқадық.

Ал Астананың аспаны күндегіден өзгеше бола қалыпты. Көктем шыққалы жер-көкті жібітіп тұрған күн бүгін көрінбей тұр. Түнерген аспан тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан жауынгерлерді елмен бірге жоқтап тұрғандай. Қыстың соңғы ызғарын сездіргісі келгендей жел де күшейіп алған. Бір мезет шеткерірек тұрған егде жастағы әйелге көзім түсті. Қалампыр ұстаған қолын жеңімен қымтап,

алыстан ескерткішке қарайлап тұр. Аяндап жанына жеттім.

– Тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан жауынгерлермен мені тікелей ештеңе байланыстырмайды. Бірақ, білесіз бе, өмірден жастай кеткен сарбаздардың тағдыры мен көрсеткен ерлігі кісі тебіrentпей қоймайды. Бүгін осындай іс-шара өтетіні жайлы хабарламаны оқып, арнайы келдім. Жауынгерлердің рухына тағзым етіп, ана ретінде ілтипат білдіргім келді. Бұл менің бірінші рет келуім емес. Жыл да осы уақытта, осы жерге келіп тағзым етемін, – деді мейірбан Галина Ивановна.

Бұл кезде қонақтардың барлығы келіп үлгеріпті. Іс-шара қаза тапқан жауынгерлерді бір минут

үнсіздікпен еске алудан басталды. Айналадағы адамдардың дауысы сап тиылған сәтте гулеген жел жұлқынған жандай ағаш бұталарын қозғап өтті. Сағат тықылы 1995 жылғы тәжік-ауған шекарасында болған оқиғаны еске салады. Жап-жас жігіттердің қолға қару асынып, өздеріне жүктелген міндетті атқарып жүрген сәттерін көз алдына елестеткің келеді. Ескі фотолардан көрген көрініс көз алдымызда көлбеңдейді. Ойша Пшихавр шатқалын аралап жүргендей боласың. Кенет... Қатар-қатар тарс еткен қару дыбысы бұл ойдың бәрін бұзып жібергендей болды.

Осыдан соң жиынның ресми бөлігі басталды. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-майор Еркін Ботақанов ерлердің рухына тағзым етіп, ескерткішке гүл шоғын қойды.

Еске алуға арналған митингте Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы Тәжікстанның Пшихавр тау шатқалында 28 жыл бұрын 7 сәуірде болған төрт сағаттан астам қанды ұрыста Ішкі әскердің 17 сарбазы қаза тауып, 33 жауынгердің жара-



ланғаны жайлы айтты.

– Қайсар ұлдарымыз содырларға қарсы төтеп беріп, жауынгерлік борыштарын ерлікпен орындады. Абыройды тапталмай, Әскери антқа адалдықтарын танытты. Мемлекет басшысының Жарлығымен ерлік танытқаны үшін қаза болған 5 адам ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен, 12 адам «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен наградталды. Қазақстан халқы өзінің ержүрек ұлдарын ешқашан ұмытпайды. Олардың есімі еліміздің қалаларында көшелер мен мектептерге берілді. Әскери бөлімдер мен елді мекендерде ескерткіш тақталар орнатылды, – деді генерал-майор Еркін Ботақанов.

Бүгінде еліміздегі әскери бөлімдер аумағында ержүрек жауынгерлерді еске алуға арналған ескерткіштер орнатылған. Олардың есімдері Жамбыл, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарындағы көшелерге берілген. Сонымен қатар Тәжікстанның астанасы Душанбеде де бауырлас қазақ жауынгерлерінің құрметіне 2007 жылы монумент орнатылған.

Мінберде сөйлеген Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы ге-



нерал-майор Еркін Ботақанов 2009 жылдың 7 сәуірінде елорда әкімінің шешімімен қазіргі Ерлік аллеясы ашылғанын, ал 2014 жылдың 7 сәуірінде тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан Ішкі әскердің 17 жауынгеріне ескерткіш ашылғанын еске салды.

Алда-жалда бас қаладағы Ерлік аллеясын аралай қалған жан болса, арқасын тау тасына тіреп, қолындағы қаруын берік ұстаған жауынгерді сөзсіз байқар еді. Бүгінгі жиынның дәл осы жерде

өтіп жатуының да символикалық мән-маңызы бар.

- Бүгінде осы аллея мен Ескерткіш халықтың ержүрек ұлдарға деген мәңгілік тағзымындай болып тұр. Жыл сайын бұл жерде Ұлттық ұланның елордалық жас сарбаздары өз халқына адал болуға серт беріп, Әскери ант қабылдайды. Ел тыныштығының кепілі болып саналатын Ұлттық ұлан жауынгерлері әрқашан азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға әзір тұратындығына сенімдімін.





Сондықтан, ерлік дегеніміз – Ұлттық ұланның күнделікті атқаратын жауынгерлік қызметі! – деді Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-майор Еркін Ботақанов.

Оның жалынды сөздері әскерилер мен қала мектептеріндегі кадет сыныптары тәрбиеленушілерінің жігерін жанып, намысын оятты.

– Әскери қызметшілердің әр буыны өздерінің күрделі қызметтік-жауынгерлік кезеңдерінде арнайы міндеттерді өз жауапкершіліктеріне ала білді. Сондай-ақ

жеке құрам әрқашан Әскери ант пен әскери борышқа адалдық танытып келеді. Құқықтық тәртіп әскерлерінің жауынгерлік жолы заңға, жақсылық пен әділеттілікке, сонымен қатар батыл және жанқиярлық қызмет етудің мыңдаған үлгісін көрсетуімен қасиетті, – деді Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы.

Сондай-ақ Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы Еркін Ботақанов әскерлердің 30 жылдық тарихында әскери борышын орындау кезінде 27 әскери қызметші қаза тапқанын айтты.

– Бүгін біз 1991 жылғы 20 қарашада таулы Қарабахта бітімгершілік миссиясын орындау кезінде қаза тапқан Ми-8 тікұшағының экипажына, атап айтқанда тікұшақ командирі майор В.В. Котовқа, ұшқыш-штурман лейтенант Д. Б. Яловенкоға және бортық аға техник капитан Г. В. Долговқа құрмет көрсетеміз. Майор Даниэл Майлыбаев, кіші сержант Берікжан Қалиев, қатардағы жауынгер Досбол Сапардың 2016 жылғы 5 маусымда Ақтөбе қаласының 6655 әскери бөліміне жасалған шабуылға тойтарыс беру кезінде қарулы террористерге қарсы тұрғанын да ұмытқан жоқпыз. 2022 жылғы 5 қаңтарда Қызылорда және Талдықорған қалаларында құқықтық тәртіпті қорғау жөніндегі өзінің әскери борышын орындап жүрген қатардағы Мадияр Қайсаров пен Айбат Амановтың да қаһармандықпен қаза тапқаны да ұмыт қалмайды. Олардың есімдері әскери бөлімдердің тізіміне мәңгілікке енгізілді. Олар біздің жадымызда мәңгі сақталады, – деді Еркін Советбекұлы.

Сондай-ақ іс-шараға ИМ басшылығы, Ұлттық ұлан қолбас-





шылығы, жергілікті атқарушы билік органдарының өкілдері, әскер және локальды қақтығыстардың ардагерлері қатысты.

– Өкінішті оқиғаның болғанына бүгін 28 жыл толды. Тәжік-ауған шекарасында біздің сол кездегі Ішкі әскердің 17 жауынгері ерлікпен қаза тапты. Біз оларға басымызды иеміз. Егер естеріңізде болса, 1990 жылдары Тәжікстандағы жағдай ушығып тұрды. Азаматты соғыс өрті тұтанды. Екінші жағынан моджахедтер Ауғанстаннан қару-жарақ пен есірткі заттарын шекарадан заңсыз өткізіп отырды. Сол арқылы олар Тәуелсіз мемлекеттер достастығына мүше елдерге де қауіп төндіре бастады. Сондықтан ТМД-ға мүше елдердің басшылары ортақ шешімге келіп, Тәжікстанға көмек қолын созды. Бітімгерлік миссиямен жіберілген жауынгерлер Тәжікстанның мемлекеттік шекараларын қорғауға алды. Біздің елімізден Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің шешімімен жасақталған алғашқы батальон 1993 жылы жіберілді. Олар 1999 жылға дейін берілген тапсырманы бұлжытпай орындап шықты. Әрине, өкінішке қарай, сарбаз шығыны болды. Бірақ олар айқаста қайсарлық танытып, ерлікпен қаза тапты», деп еске алды өткен күндерді шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы генерал-майор Уажанов Тұрсын Ұшбайұлы.

Елорданың № 25 мектебінен



келген «Жас сарбаз» үйірмесінің оқушылары сөз сөйлеушілерді ұйып тыңдады. Реті келген тұста оларды сөзге тартып, не үшін және қайда келгендерін сынай сұрадық.

– Біз мұнда өз міндеттерін адал атқарған еліміздің батырларын еске алуға келдік. Менің ағам да әскери салада жұмыс істейді. Кейде әскери тақырыптағы киноларды, газет-журналдарды оқимын. Өзім болашақта полковник болғым келеді, – деді мектеп оқушысы.

Бала да болса батыл, мінезді өреннің іркіліссіз жауабына риза болдық. Абыройлы ағалардың сөздерін ұйып тыңдай қалған кейпіне сүйіспеншілікпен көз салдық. Ол да келешекте ел қорғаны болатын азамат екенін байқатты.

– Бүгінгі іс-шараның маңызы орасан. Қазіргі өте күрделі геосаяси жағдайда бүкіл әлем жұрт-

шылығы шекараның беріктігі мен маңыздылығы және шекарашылардың қалтқысыз еңбегі жайлы ойлануға мәжбүр. Осы ретте, біздің тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан жауынгерлерді еске алып, олардың ерліктерін ұлықтау өскелең ұрпақ үшін, бүгінгі қазақ шекарасының тұтастығы үшін қажет-ақ. Бұдан бөлек алдағы уақытта шекараны қорғайтын азаматтардың, шекарашылардың рухтарын көтеріп, шекара қорғауға деген құлшынысын арттыру үшін де мұндай басқосу маңызды, – деді Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бадамұратов екеуара әңгіме барысында.

Сонымен қатар 7 рота құрамында тәжік-ауған шекарасындағы қақтығысқа қатысушылар да жиында сөз сөйледі.

– Біздің сарбаздар үшін 7 сәуір күні 7 ротада болған оқиға – ең қайғылы күн! Сол бір сәттерді еске алудың өзі қиын. Ұрыс онай болған жоқ... Сондықтан Отанға адалдық танытып, айқас алаңында мерт болған ерен ерлерімізді ешқашан да ұмытпауымыз қажет. Сондай-ақ Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығына және басқа да ардагерлерге рахметімді айтқым келеді. Себебі, жыл сайын осындай тағылымды іс-шара өткізіп, батырларымызды еске алып жүрсіздер. Мұндай жиындар әр өңірдегі әскери бөлімдерде де өткізіліп жатыр. Бас қолбасшымыз айтып өткендей Ұлттық ұланда ерлік ешқашан ұмытылмайды. Ең бастысы – еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! –





деді 7 рота құрамында тәжік-ауған шекарасындағы қақтығысқа қатысушы запастағы подполковник Нұржан Байбосынов тебірене сөйлеп.

Иә, тарих дәптерінде қатталған қаралы оқиғаның ұлт жадынан өшпесі анық. Керісінше, күн өткен сайын қазақстандық жауынгерлердің ерлігі аңызға айналып, ерліктері ел жадында сақтала береді.

Ерлік күніне арналған басқосу Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің патриоттық орталығында да жалғасты. Мұнда «Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының қатысушылары мен мүгедектері» Аймақтық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайратбек Сатбаев және «Қазбат» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асқар Шимпеев сөз сөйлеп, бірқатар азаматты марапаттады.

Жиылған жұрт орталықтың ортасынан ойып тұрып орын алған тақырыптық көрмені тамашалады. Өткен күндерден қалған жәдігерлерді, сыр тұнған фотоларды көрді. Көрермендердің арасында студенттер көп болды. Жат жерде жер жастанған жауынгерлердің жәдігерлері жастардың жанарында жатталып жатты. Осылайша, тарих дәптері тағы бір бетке қатталды. Елдік аманатты арқалап жүріп, арамыздан кеткен арда азаматтарды ұландықтар ешқашан ұмытпайды. Ұмытпақ емес!

Қатардағы
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ



«БЕКЕТ - 2023» ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың күш-құрылымдар арасындағы тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету, олардың жедел және әскери-техникалық үйлесімділігін жолға қою, сондай-ақ ведомствоаралық үйлестіруді күшейту жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде 2023 жылғы 5 сәуірде ҚР Қорғаныс министрлігінің 74261 әскери бөлімінің «Көктал» оқу полигонында «Бекет-2023» стратегиялық әскери оқу-жаттығулары және ведомствоаралық жаттығулары өтті.

Аталған әскери жаттығуға Ұлттық ұланнан 5571 және 5514 әскери бөлімдерінің жеке құрамы

тартылды. Жалпы әскери жаттығуларға 2500-ге жуық сарбаз, 900 дана техника тартылған болатын.

Оқу-жаттығу шарты бойынша көршілес мемлекеттен 5 мыңға жуық босқын шекараға қарай ағылып келеді. Шекара бөлімшесінен резервтік топ келгенше шекара жасағы босқындар легін ұстап тұруға тырысады.

Осы мезгілде іс-шараға тартылған күштік құрылымдарға тапсырма түседі. Олардан босқындардың көп жиналған аумағына келіп, бұғаттау тобы, бөлу тобы, қолға түсіру тобы, кедергі келтіру жасағы және арнайы насихат тобы құрылады.

Бұғаттау тобы босқындар жиналған ауданды қоршауға алып, олардың ел ішіне өтіп кетуіне мүмкіндік бермеу үшін, тізбек құрады. Әрі қарай жиналған

азаматтарды топтарға бөлу де осы жерде жүргізіледі. Ал арнайы насихаттық топ дауыс ұлғайтқыш құралмен босқындар арасында дүрбелең тудырмауды, тыныштық сақтауды, Мемлекеттік шекарада заңсыз әрекеттер жасағаны үшін қылмыстық жауапқа тартылатындығын ескертіп, үгіт-насихат жұмысын жүргізеді.

Шекарадан өткен әр босқын жіті тексеруден өтеді. Оларды арнайы техникалық құралдар арқылы халықаралық іздеуде жүрген лаңкестік ұйымдарға қатысы бар-жоғын анықтау мақсатында тексеруден өткізеді. Барлық тексеру шараларынан өткен соң, мемлекеттік шекарадан өтуге құқық беретін құжаты бар босқындар жасыл дәліз арқылы босқындар үшін құрылған лагерге өтеді, ал шекарадан өтетін



құжаты жоқ, арнайы есепке тұрғызылған, іздеуде жүрген, тыйым салынған заттарды алып өтпек болған босқындар қызыл дәліз арқылы тиісті орынға жіберіледі.

Шекарадан тексеру жұмыстары аяқталған соң, ҰҚК, ПМ қызметкерлері және қарсы барлау бөліністері өз бағыттары бойынша сүзгіден өткізу жұмысын жүргізеді. Босқындарға қажет болған жағдайда, медициналық көмек көрсету де қарастырылған. Барлық осы шараларды орындау барысында Ұлттық ұлан әскери қызметшілері Шекара қызметі және Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерімен бірлесіп, өздеріне бекітілген міндеттерді атқарды. Сондай-ақ, босқындар келген аймақты қоршап, қарулы тізбек құрып, ел ішіне бейсауат ешкімнің өтіп кетуіне жол бермей, күзетіп тұрды. «Бекет-2023» ведомствоаралық кешенді оқу-жаттығуының өткізілуі барысында Ұлттық ұланның жеке құрамы өздеріне берілген тапсырманы кәсіби деңгейде орындап, ұйымдастырушы тараптан жоғары бағаға ие болды.

**Лейтенант
Мақсат ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
Алматы қаласы**



«МАРАПАТТЫҢ ЖАУАШКЕРШІЛІГІ ЕКІ ЕСЕ АУЫР...»

Осыдан бірнеше ай бұрын көршілес Түркия мен Сирияда болған төтенше жағдай тек қазақстандықтарды ғана емес, барлық жер жүзін дүр сілкінткені рас. Түркияның оңтүстік-шығысында және Сирияның солтүстігінде екі мәрте болған үлкен жер сілкінісі кезінде 448 мыңнан астам адам эвакуацияланып, 20 мыңнан астам ғимараттың қираған орнында іздестіру-құтқару жұмыстары жүргізілген. Белгілі бір деректерде 45-тен астам мемлекет жапа шеккендерге қолұшын созған. Апаттың салдарын жою үшін қаржылық та көмек жасалды. Сол кезде Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев та қосымша гуманитарлық көмек беру туралы Үкіметке тапсырма берген болатын. Оны орындау барысында құқықтық тәртіп әскері де тысқары қалған жоқ.



Ұлттық ұланның 3656 әскери бөлімінің әскери ұшқыштары көршілес елдерге көмек көрсету үшін Ү8 тікұшағымен гуманитарлық көмек көрсетіп, өздерінің міндеттерін адал орындады. Осындай сын сағатта Президент тапсырмасын орындауға атсалысып, барлығы алты мәрте, екі рет Түркия және төрт рет Сирия мемлекетіне барып, елдің қайғысын көздерімен көріп, оларға көмек қолдарын созды. Олар жер сілкінісі салдарын жою жұмыстарына қатысып, гуманитарлық жүктерді тасымалдады. Осы тұста, Президентіміз де өз тарапынан ол офицерлердің енбегін

бағалап, қызметтері үшін алғысын білдірді. Олардың қатарында 3656 әскери бөлімінің авиациялық эскадрильясының литерлік авиациялық жасағының корабль командирі аға лейтенант Берікболсын Хабиболла да бар еді. Ол қызметтік борышын орындау кезіндегі жанқиярлығы, сондай-ақ Түркия Республикасы мен Сирия Араб Республикасындағы төтенше жағдайда көрсеткен бағылдығы үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

- Бізге басшылық тарапынан көршілес мемлекеттерге гуманитарлық көмек беру туралы бұйрық

келген кезде барлық офицерлер сөзсіз келісімін берді. Ол – біздің алдымен Отан алдындағы антымызға берік екендігімізді білдірсе, екінші жағынан халқымыздың бауырмал, қайғыны бөлісе білетін адамгершілік қасиетіміздің жоғары екендігін көрсетті десем артық айтқандық емес. Сонымен қатар, ұшу барысында қойылған талап – лауазымдық шеберлігімен қоса шет тілін білу қажеттілігі де ескерілді. Мен әрқашан қызметтен тыс өзімнің біліктілігімді шыңдап, шет тілді үйрену үшін арнайы курстарға қатысып жүретінмін. Сол ізденісімнің нәтижесінде мен



де гуманитарлық көмек көрсетуге баратындардың қатарынан табылдым. Ү8 тікұшағында мен командир-ұшқыш ретінде емес, жер мен ұшақтың арасындағы байланысты қадағалап отырдым. Яғни, екі ел арасындағы байланысты радар арқылы реттеп отырдым. Сирия мемлекетіне алғашқы ұшуымыз болғандықтан, экипаж үшін кішкене қиынға соқты. Онда GPS-навигация жұмыс жасаған жоқ. Ал бұл өз кезегінде ұшақтардың толық жұмыс жасауына кедергі келтіреді. Радиобайланыспен де қиындықтар туындады. Жер сілкінісі кезінде Түркия мен Сирия елдерінің радиостанцияларына үлкен зақым келгендіктен, осындай кедергілер болды. Дегенмен, Ұлттық ұланның білікті де білгір мамандарының арқасында аман-есен барып-келдік. Бауырлас елдердің жағдайларының қиын екенін көргенде, біз де қатты қиналдық. Себебі, адамдардың жүзінен үрей мен қорқыныш байқалып тұрды. Десе де, біз өзіміздің қолымыздан келгенше көмек көрсетіп, тамшыдай болса да қуаныш сыйлағанымызға риза болдық, барлық қиындықтарды еңсере білдік деп ойлаймын. Біздер әскери адамдар болғандықтан, өзімізге жүктелген міндетті мүлтіксіз орындауға тырыстық. Осы еңбегімізді Мемлекет басшысы бағалап, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін ұсынуы – әрине, мақтаныш сезімін оятса, екінші

жағынан – бұл біздің міндетіміз деп те ойлаймын. Дегенмен мұндай марапаттың жүгі өте ауыр, жауапкершілік те жоғары, - деді марапат иесі аға лейтенант Берікболсын Хабиболла.

Кейіпкеріміз 1993 жылы 13 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласында дүниеге келген. Берікболсын 1 жасқа толған-

да ата-анасы қызмет бабымен осы Астана қаласына (ол кездегі Целиноград қаласы) қоныс аударады. Астанадағы таңдаулы мектептердің бірінен білім алып, 9-сыныпқа келген кезде оның авиацияға деген қызығушылығы арта түседі. Ұшақтардың түр-түрімен танысып, олардың көкте ұшу сәтін қарап, «ұшқыш» болуға деген арманы еселене түседі. Сөйтіп, ол осы Астана қаласындағы Т. Әубәкіров ашқан Азаматтық авиация орталығында білім алады. Түске дейін негізгі мектепте білім алса, түстен кейінгі уақытта осы орталықта білімін жетілдіреді. Аталмыш орталықтың Берікболсынға бергені мол еді. Себебі, сол жерден әуе серіктері туралы білім алып, үнемі білімін толықтырып отырған. Жазғы демалыс кездерінде арнайы сынақтар тапсырып отырса, сонымен қатар ол жерде денсаулықты да қадағалайды екен. Оның айтуынша, бұл орталықтың өсіп келе жатқан бозбалаларға берері көп дейді. Арманды іске асыру үшін үлкен мүмкіндік екенін айтып өтті.

Екі жыл жоғарыда аталған орталықты негізгі мектеппен қатар алып жүріп оқыған кейіпкеріміз енді арманды жүзеге асыру үшін 11-сыныптан кейін Алматы қаласындағы Азаматтық авиация Академиясына оқуға түседі. Армандар орындалады, бозбала өзінің мақсатына қол жеткіз-





гені үшін өзін бақытты жан ретінде сезінді. Сонымен қатар, ол қосымша Орал қаласындағы ұшқыштарды даярлайтын оқу-техникалық мектебіне де түседі. Онда АН-2 ұшағын ұшыру туралы мәліметтер береді.

- Мен бала күніменнен ұшқыш болуды армандаған едім. Мектеп жасындағы балалардың көбісі ұшқыш болуды армандайтыны рас қой. Дегенмен, көбісі аңсаған армандарына жете алмай қалып жатады. Мен осы бала күнгі арманымды мақсатыма айналдырып, соған қол жеткізгеніме әрине мақтанамын. Ер бала үшін әкесі әрқашан оның идеалы болады. Мен де ол сияқты әскери форма кисем деген арманым болды. Әкем көп жылдар ПМ саласында жауапты қызметтер атқарып, қазіргі таңда полиция полковнигі шенімен зейнеткерлік демалыста. Менің осы әскерге келуіме бірден-бір себепкер болған да сол кісі болатын, - деп өз ойымен бөлісе кетті.

Аталмыш оқу орнында білім алып жүріп, III курс кезінде Берікболсын оқу орнының жолдамасымен шетелге білімін жетілдіру мақсатында практикалық оқуға жіберіледі. Сол кезде ұшу тәжірибелерін Латвия, Литва және Эстония, Германия, Испания мемлекеттерінде өткізіп, сол жақтың әуе кеңістігін бағындырады. Әр түрлі ұшақтар мен тікұшақтарда ұшып көреді. Атап айтқанда, Piper, Cessna, Технам секілді ұшақтармен тәжірибелік тағылымдамадан өтеді.

Алматы қаласындағы Азаматтық Авиация орталығын ойдағыдай аяқтағаннан кейін аға лейтенант Берікболсын Хабиболла өз өмірін Ұлттық ұланмен байланыстары. Ол 2017 жылдың сәуір айынан бері құқықтық тәртіп әскері құрамындағы 3656 әскери бөлімінде өз қызметін атқаруда.

- 3656 әскери бөлімінде қызмет атқарғаным 6 жылдай уақыт болып қалды, қазіргі кезде АН-74 ТК200 әуе кемесі командирінің көмекшісі қызметіндемін, бірақ алдағы уақытта әуе кемесінің командирі міндетін атқару үшін білімімді жетілдіру үстіндемін. Менің еңбек өтілімде жалпы 800-ден аса ұшу сағатым бар. Біздің міндетіміз – лауазымды тұлғалар мен ел басқарып отырған тұлғаларды қызмет бабымен белгілі бір аймаққа жеткізу. Сондықтан біздің жауапкершілігіміз өте зор, тәжірибемен қоса теорияның да



маңыздылығы бар. Ұлттық ұлан әуе кемесінің арқасында Беларусь, Ресей сияқты шет мемлекеттерді аралап, шетелдік ұшақтармен танысып, біраз тәжірибелер жинақтау үстіндемін. Мен лауазымдық қызметіммен қоса, үнемі өзімнің біліктілігімді арттыратын өзіме ұнайтын нәрселермен айналысқанды жақсы көремін. Мәселен, тіл үйрену, әр түрлі компьютерлік бағдарламаларды оқу, өзімнің кәсіби-біліктілігімді жетілдіру жолында үнемі ізденісте боламын. Себебі, қазір дамыған заманда барлығына жағдай жасалған. Тек біздің тарапымыздан оқу, іздену және еңбектену қажет, - дейді.

Берікболсынмен сұхбаттасу барысында шынымен оның ойының ұшқыр, талабының баудай екенін байқадық. Қазіргі заман ағымына сай жас маман екенін көрдік. Ол Tiktok әлеуметтік желісінде де өте белсенді. Өзі сан түрлі қызмет барысында, отбасымен сан түрлі бейнероликтер жасап, көптеген дауыс жинап отырады екен.

Ата-ана үшін өзінің перзентінің бақытын көруден асқан бақыт жоқ шығар. Кейіпкеріміздің де ата-анасы тәрбиелерінің жемісі осы Берікболсынның жетістігімен үнемі мақта-

нып отырады екен. Әкесі Нұрболат Хабиболла Сүйіндіков Отан қорғау жолында адал қызмет етіп, ПМ қатарынан зейнеткерлікке шықса, анасы Динара Әбдуқызы Нұранова баласының әрбір қадамына сәттілік тілеп отыратын асыл жан. Ол қазіргі уақытта немерелерінің тәтті қылығына тоймай, солардың тәрбиесімен айналысып отыр. Ал адал жары Дина Нұрмұханқызымен Абылай атты кішкентай бүлдіршінді тәрбиелеп отыр.

Атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлы «Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін» деген қанатты сөз осы Ұлттық ұланның 3656 әскери бөлімінің офицерлеріне айтылғандай. «Ерлік – елге мұра»... Берікболсынның адал қызметі мен жауапкершілігі мол міндеті өзіне ғана емес, қазақ халқына және оның ұрпағына мың жылға азық болып қалады. Сондықтан, әрқашан қызметің өрлей берсін, Отан үшін аянбай қызмет ететінің сеніміміз мол. Себебі, Берікболсындай офицерлеріміздің арқасында тәуелсіз еліміздің одан әрі қарыштап дамитынына сенім мол!

**Лейтенант
Құралай ЖҰМАҚЫЗЫ**

БОЕВАЯ СЛУЖБА: 24/7

Одной из задач, возложенных на Национальную гвардию Республики Казахстан является: «участие совместно с органами внутренних дел в охране общественного порядка, пресечении массовых беспорядков, обеспечении общественной безопасности и правовых режимов чрезвычайного и военного положения, антитеррористической операции, участие в ней, а также в мероприятиях по ликвидации чрезвычайных ситуаций природного, техногенного и социального характера».

В Главном командовании НГ РК располагается отдел по организации охраны общественного порядка Главного управления боевой службы Главного штаба, который непосредственно курирует применение и служено-боевую деятельность соединенной и воинских частей, выполняющих служебно-боевые задачи по охране общественного порядка, а также подразделений учебной части, осуществляющих подготовку начальников войсковых нарядов частей оперативного назначения и специальных моторизованных частей.

Ни для кого не секрет, что боевая служба войск правопорядка – круглосуточная и круглогодичная: «вышку» никто не бросит ночью, а например, оперативные части несут службу по-разному. В каких-то городах и населенных пунктах до 22.00 часов, а где-то и до часу ночи. Подразделения Национальной гвардии совместно с органами внутренних дел участвуют в охране общественного порядка в 20 городах Казахстана. Для несения патрульно-постовой службы ежедневно на маршруты патрулирования в среднем выделяется 5,5 тысяч военнослужащих на почти 1800 маршрутах, в т.ч. около 140 автомобильных.

Слова «наша служба и опасна, и трудна» из име-

нной песни в полной мере относятся и к патрульно-постовой службе Национальной гвардии – в истории войск правопорядка бывали случаи и нападения на войсковые патрули превосходящими силами и сами патрульные порой задерживают лиц, вооруженных огнестрельным оружием. При этом нелишне напомнить – у них только «Нежность», да те самые ПР-73. Но это они сполна компенсируют навыками рукопашного боя и уверенностью в своих действиях, подкрепленных знаниями статей УК и УПК.

Соединениями и частями Национальной гвардии задачи боевой службы в 2022 году выполнены в полном объеме. Войсковыми нарядами войск не допущено непресеченных преступлений и происшествий на маршрутах патрулирования.

Безрезультативных применений служебных собак в войсковых нарядах не допущено.

В 2022 году подразделения войск совместно с взаимодействующими органами приняли участие в нескольких значимых для страны и мирового сообщества мероприятиях. Так, например с 13 по 17 июня 2022 года 200 военнослужащих воинской части 5451 регионального командования «Орталык» совместно с Департаментом

полиции Карагандинской области выполняли службу по охране общественного порядка в период проведения Национального курултая в городе Жезказган с участием Главы государства.

В период проведения очередного Съезда Лидеров мировых религий с 12 по 15 сентября 2022 года в городе Астана личный состав столичной оперативной бригады в количестве 1200 офицеров, сержантов и солдат совместно со столичным Департаментом полиции обеспечивал службу по охране общественного порядка. Также к масштабному событию

были привлечены военнослужащие регионального командования «Орталык» из воинских частей 5451 (город Караганда) – 360 военнослужащих и 5510 (город Кокшетау) – 240 человек.

С 12 по 14 октября 2022 года личный состав воинской части 5573 в количестве 1200 военнослужащих совместно с сотрудниками Департамента полиции города Астана выполнял службу по охране общественного порядка в период проведения саммитов «Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии» и «Совета глав государств Содружества Независимых государств».

Также 27-28 октября 2022 года столичные военнослужащие совместно с коллегами-полицейскими обеспечивали правопорядок в период проведения саммита «Глав государств Центральной





Азии с Президентом Европейского Совета» и заседании «Совета глав правительств Содружества Независимых государств».

В целом, при обеспечении охраны общественного порядка в 2022 году выполнено около 3700 (в 2021 году – свыше 3300) задач патрульно-постовой службы, принято участие в обеспечении почти 800 общественно-политических и других массовых мероприятий, тогда как в 2021 году – менее 200. Также за прошлый год было выполнено более 160 задач при кризисных ситуациях и чрезвычайных происшествиях.

Задержано и доставлено в органы внутренних дел свыше 19000 правонарушителей, из них с признаками преступления – более 1000 человек, при этом взыскано в доход государства штрафов на сумму более 43 миллионов тенге. При несении патрульно-постовой службы изъято 81 единица холодного, огнестрельного или травматического оружия, произведено 75 фактов изъятия наркотических веществ с общим весом 881, 68 грамм.

Так, 19 февраля 2022 года около 20.20 часов по улице Ю. Гагарина города Павлодар возле дома №87 совместным войсковым нарядом от воинской части 5512 регионального командования «Шығыс» в составе рядовых Али Гадуева, Дмитрия Белого и Владислава Алибаева, а также сотрудника полиции старшего лейтенанта полиции Рината Игиликова на маршруте патрулирования №1205 был остановлен и задержан гражданин Е., 1970 г.р., у которого при про-

ведении наружного досмотра был обнаружен и изъят травматический пистолет марки МР-654К.

9 августа 2022 года около 17:10 часов в столичном парке «Ата Түрік» на маршруте №3124 войсковой наряд воинской части 5573 в составе начальника – рядового Оралбека Жиенбека, патрульных – Нурбола Тлеубекулы и Ерболата Канатбека, передвигаясь по маршруту патрулирования, увидели мужчину в реке Есиль, который тонул и звал на помощь. Рядовой Жиенбек незамедлительно прыгнул в воду и спас жизнь человека.

12 октября 2022 года во время несения службы по обеспечению общественного порядка в городе Петропавловск войсковым нарядом от воинской части 6637 регионального командования «Орталык», начальник войскового наряда рядовой Евгений Адактилос оказал первую медицинскую помощь пожилому человеку и тем самым спас ему жизнь.

10 ноября 2022 года около 18.45 часов дежурным по войсковым нарядам – капитаном Дастаном Шаймуратовым, патрульным – старшим сержантом Асетом Байсугуровым воинской части 5516 регионального командования «Орталык», на маршруте патрулирования №112 в городе Темиртау был остановлен гражданин, который при виде войскового наряда бросил в кусты револьвер марки РС-22.

По обобщенному отчету и анализу, проведенного отделом по организации охраны общественного порядка в результате смотр-конкур-

са на оборудование и содержание специальных автомобилей по охране общественного порядка (кузова специального автомобиля по охране общественного порядка), лучшие результаты показали воинские части 5571, 5451, 5548, 5518 и 5573.

Согласно этим отчетам – городки тактики служебно-боевого применения по подготовке войсковых нарядов на охрану общественного порядка во всех подразделениях поддерживаются, регулярно обновляются и имеют тенденцию к ее совершенствованию. В лучшую сторону отмечается подразделения воинских частей 5571, 5548, 5518 и 5573.

В результате согласованных действий и тесного взаимодействия при выполнении задач по охране общественного порядка региональными департаментами полиции войсковые наряды воинских частей 6506, 5513, 6637, 5516, 5517, 6655, 6656, 5548, 5518, 5511, 5512 обеспечивались нагрудными видеорегистраторами.

Проведенный смотр-конкурс материальной базы войскового оперативного резерва показал, что по итогам лучших результатов добились: региональное командование «Батыс» – 1 место; региональное командование «Шығыс» – 2 место; региональное командование «Орталык» – 3 место. Среди воинских частей: 5451, город Караганда, заняла третье место. воинская часть 5512, город Павлодар – 2 место и два первых места заняли воинские части 5548, город Жанаозен, и 5518, город Усть-Каме-ногорск.

Конечно, наша служебно-боевая деятельность не обходится без четвероногих друзей. В частях войск бок о бок с военнослужащими несут службу свыше 1100 служебных собак, практически ежедневно 850 заступают на службу, в том числе более 60 из них – на патрульно-постовую.

Специалистами кинологами в войсковых нарядах, усиленных служебными собаками, выполнено без малого 3800 задач, из них почти 3000 на 103-х наиболее сложных маршрутах патрулирования. Обеспечено проведение 132-х (в 2021 году всего 59) общественно-массовых мероприятий, выполнено 126 задач в совместных оперативно-розыскных и профилактических мероприятиях. Наркорозыскными собаками выполнено 52 задачи и 537 задач

(в 2021 году – 400) по применению минно-розыскных собак при обеспечении общественно-массовых мероприятий и досмотру транспорта на контрольно-пропускных пунктах учреждений УИС.

Зарегистрировано более 110 результатов применений служебных собак при выполнении служебно-боевых задач. С применением служебных собак задержано 85 нарушителей с признаками совершения преступлений, обнаружено и изъято более 11 кг наркотических средств, холодного и огнестрельного оружия – 9 ед., а также 12 гранат. Кроме того, разысканы четверо без вести пропавших граждан и столько же военнослужащих, совершивших самовольное оставление части.

Так, например 13 мая 2022 года после отбоя двое военнослужащих одной из воинской частей МО РК в Атырауском гарнизоне совершили самовольное оставление части. После обращения Военной полиции данного воинского подразделения об оказании помощи и привлечении специалиста-кинолога со служебной собакой для осуществления поиска данных военнослужащих из воинской части 5546 был направлен старший специалист ефрейтор Талант Камзолов, со служебной собакой по кличке «Найма». Им были предоставлены личные вещи (футболки) военнослужащих для постановки собаки на след. Собака, взяв след вывела поисковую группу на территорию дачного массива к одному из пустующих домов, где и были обнаружены солдаты.

7 октября 2022 года гражданин сообщил на канал «102» о том, что учащийся 5 класса школы №4 г. Усть-Каменогорск самовольно покинул школу и без малого час времени его местонахождение было неизвестно... По прибытию специалист-кинолог воинской части 5518 ефрейтор Бауыржан Нуркасымов со служебной собакой «Эра» произвел забор запаха с вещей пропавшего и приступили к поиску следов с обыска местности, где проживал пропавший несовершеннолетний ребенок. Служебная собака, взяв след повела в направлении к одному из частных домов, где и был обнаружен мальчик. Служебная собака отработала след протяженностью около 2 км и продолжительностью 55 минут.

24 октября 2022 года в 20.00 часов во время несения службы по охране общественного порядка в г. Караганда начальником патрульной группы от воинской части 5451 сержантом Аблайхан Аскар при проверке несения службы войскового наряда возле дома 41 по ул. И. Мамыраева, патрульный Ирзабек Мурадов, заметил, как неизвестный мужчина пристает к девушке. Мужчина, в свою очередь увидев войсковой наряд, принял меры к бегству. После опроса гражданка О. 1997 г.р. подтвердила, что, мужчина с применением насилия и угрожая физической расправой завладел денежными средствами в размере 400 (четыреста) тысяч тенге.

Доложив дежурному по войсковым нарядам, гвардейцы выдвинулись на преследование нарушителя,

ефрейтор Рамазан Абдигамитов, предупредив окриком «Стой, буду применять служебную собаку», применил служебную собаку по кличке «Пагетта» в наморднике. Задержанный гражданин был передан вызванной следственно-оперативной группе для дальнейшего разбирательства.

P.S. В первом квартале 2023 года выполнено 978 задач патрульно-постовой службы, задержано и доставлено в органы внутренних дел 2742 правонарушителя, из них 175 с признаками преступления. Изъято 28 единиц холодного и огнестрельного оружия. Принято участие в проведении 96 общественно-политических и культурно-массовых мероприятий.

В настоящее время по указанию МВД Республики Казахстан поводится реализация Программы «Integrity check», направленная на пресечение коррупции и увольнения со службы по отрицательным мотивам недобросовестных сотрудников внутренних дел и военнослужащих силовых структур Республики Казахстан. Так, по итогам первого квартала войсковым нарядам во время несения службы гражданскими лицами 152 раза предлагались деньги, продукты питания и сигареты. Однако военнослужащие по призыву ни разу не совершили предательства интересов боевой службы – не поддались провокациям, вежливо отказываясь от подобных предложений и продолжали нести службу, как всегда: бдительно и добросовестно!

**Подполковник
Руслан КАЙЫРКЕНОВ,
город Астана**



ТЫНЫШТЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН ҰЛАНДЫҚТАР

Орал қаласы көшелеріндегі қоғамдық тәртіпті сақтауда «Батыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты 5517 әскери бөлімінің сарбаздарының қосып жүрген үлесі зор. Әскери өмірдің ыстық-суығына төзіп, Отан алдындағы борыштарын адал абыроймен өтеп жүрген жауынгерлердің бір күндік жауынгерлік қызметімен біз де танысып қайттық.



Тәуелсіз еліміздің ішкі тәртібін күзетіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан әскерінің рөлі теңдессіз. Өйткені әскерилер өз міндеттерін күнделікті орындау барысында әкімшілік құқық бұзған, қылмысқа қатысы бар күдіктілерді ұстап, қоғамды бұзақылардан «тартуға» үлес қосады.

Орал қаласында орналасқан 5517 әскери бөлімінің жауынгерлерімен әңгімелесу барысында олардың шаһар көшелерін бақылай жүріп, түрлі оқиғаларға тап болатынын білдік. Осы орайда «әскерге баласын аттандырған ата-ананың аландайтын да жөні бар екен-ау» деген ойға қалдық. Әйтсе де, сарбаздардың көздерінен мұндай қорқынышты байқамадық. Керісінше, жанарларынан от ойнаған жігіттер Отанын қорғап, ел-жұртының тыныштығы үшін қызмет етіп жүргендерін мақтан тұтамын дегендерін жеткізді.

Күнделікті көшеге шыққанда қаланың әрбір ауданынан кезек-

шілікте жүрген әскери жасақты жиі байқаймыз. Мінекей, солардың қырағылығының арқасында әр күн сайын түрлі қылмыстық оқиғаларға тосқауыл қойылып, есірткі заттар-

мен, қарулармен жүрген қоғамға қауіпті азаматтар қолға түседі. Тіпті қоғамдық тәртіпті бұзған тұрғындар мен жүрісі күдікті қылмыскерлерге де тосқауыл қойылады.

Аталмыш әскери бөлімдегі қоғамдық тәртіпті күзету қызметінің басты міндеті – қоғамдық орындардағы құқықтық тәртіпті қадағалау. Орал шаһарында әскери борыштарын өтеу үшін еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған жауынгерлер осы істі, жан аямай атқарып жүр. Олар өздеріне жүктелген әскери міндетті жауапкершілікпен орындап, сауатты түрде шебер қимылдап, бұл істерімен Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне пәрменді көмек көрсетіп келеді. Мұның барлығына әскери жасақ жауынгерлерімен бірге жүріп, өзіміз куә болған сәттер айқын дәлел болды.

Сарбаздар жауынгерлік қызметке түспес бұрын, саптық алаңда жауынгерлік бұйрық беріліп таралым өткізілді. Саптық алаңда өткен таралым кезінде сап түзеп тұрған сарбаздардың жауынгерлік қызметке дайын екенін аңғардық. Сапқа қаз-қатар тізілген сарбаздардың әскери формасын рота командирі капитан Нүрсейтов Исатай арнайы тексеріп шықты.





Содан кейін қолдарына қызмет дәптерлерін ұстаған әскери жасақ бастықтарына, қала аумағында бір тәулік ішінде тіркелген оқиғалар туралы ақпарат жеткізілді. Бұл дәптерге іздеуде жүрген қылмыскерлердің, із-түссіз жоғалған жандардың айрықша белгілері, ұрлық оқиғаларына қатысты деректер жазылады. Тіпті велосипед ұрлығына қатысты ақпараттар да назардан тыс қалмайды. Тағы бір айта кетерлігі, кезекшілікке шығатын әскери жасақпен алдын ала міндетті түрде әдістемелік сабақтар жүргізіледі. Бұдан әрі әскери жасақ арнайы техникамен күзет маршруты бойынша қаланың әр ауданына тасымалданады. Ал бізге 2-жедел мақсаттағы ротасының рота командирі, капитан Исатай Нүрсейтов бастаған ротаның әскери жасақтарымен бірге жүру бұйырды.

Әскери жасақ құрамы өздеріне берілген аймақта жауынгерлік қызметтеріне кіріспес бұрын аймақты толық тексеріп, әскери жасақ кезекшісіне аймақтағы жағдайды баяндап, тек содан кейін жауынгерлік қызметтеріне кірісті. Қызметті атқару барысында шамамен кешкі сағат 18.00 кезінде рацияға Орал шаһарының алтыншы шағынауданында бір ересек кісінің өзінің ұялы телефонын жоғалтып алғаны туралы хабар келіп түседі. Бұл хабарды естіген ұландықтар жедел іздестіруге көшті. Шамамен арада 20 минут өткеннен кейін, әскери жасақ өздері қызмет етіп жүрген аймақтан адамдар жүретін жол жиегінен Samsung A30 маркалы

телефонның жатқанын байқап, ол туралы дереу әскери жасақ кезекшісіне баяндады. Дәл осы сәтте телефонға қоңырау келіп түсті. Тұтқаны көтергенде телефонның иесі қоңырау шалғаны белгілі болды. Әскери жасақ бастығы телефонның иесіне өздері орналасқан мекен жайды айтып түсіндірді. Арада көп уақыт өтпей оқиға орнына әскери жасақ кезекшісі мен ұялы телефонның иесіде келіп жетті. Әскери жасақ кезекшісі капитан Исатай Нүрсейтов келген азаматтың ұялы телефонның иесі екендігіне көзін жеткізіп, телефонды табыстады. Өз кезегінде Орал қаласының тұрғыны ұландықтарға қырағы қызметтері үшін алғысын білдірді.

– Біздің жасақ құрамында жасақ бастығы қатардағы Крюков Анатолий, патрульшілер, қатардағы жауынгер Крылов Никита мен Бақытжан Рауан болды. Кешкі сағат 18.00 шамасында біз қызмет етіп жүрген алтыншы шағынауданында Орал қаласының Данияр Базарбаев есімді азаматы өзінің ұялы телефонын жоғалтып алғаны туралы хабар келіп түсті. Біз ақпаратты ести сала дереу іздеу жұмысына кірістік. Іздестіру барысында қасымдағы серіктесім қатардағы Бақытжан Рауан жол жиегінде жатқан ұялы телефонды көріп қалып, ол туралы әскери жасақ кезекшісіне баяндап, телефонды иесіне қайтарып бердік, – деді әскери жасақ бастығы қатардағы Крюков Анатолий. Әскерилердің айтуынша, мұндай оқиғалар қала көшелерінде

жиі болады. «Сондықтан тұрғындар өз заттарына мұқият болғаны жөн», дейді жауынгерлер.

Кешкісін қаладағы ішімдік сататын дүкендердің бірінен шыққан шу да әскери жасақтың көмегімен реттелді. Бұл жерде де ішімдікке масайған жастар дөрекілік танытып, айналасындағы адамдарды балағаттауға көшіпті. Құқық бұзушыларды полиция қызметкерлерімен бірге құрықтаған жауынгерлер тағы бір келеңсіз оқиғаның жолын кесті. Қоғамдық тәртіпті бұзған жігіттер Орал қалалық ішкі істер басқармасына жеткізіліп, оларға әкімшілік хаттама толтырылды.

Мінекей, бұл бір тәулік ішінде нысанаға іліккен оқиғалар. Осылайша, әскери өмірдің бір күні аяқталды. Қазармаға оралған жігіттерді ертеңіне де дәл осындай жауынгерлік міндет күтіп тұрғаны анық. Күннен күнге шыңдалып, әскердегі өмірге бейімделе түскен сарбаздардың небір қызықты да қиын күндерді бастан кешіп жүргеніне көзіміз жетті.

Сарбаздармен қоштасар сәтте олардың кезекшілікке алып шыққан кітапшаларына назар аудардық. Ондағы әрбір жазбада біреудің тағдыры, денсаулығы, құтқарылған өмірлер, ашылған қылмыстар баяндалған. Демек, әскери жасақ кезекшілері көшеде жанымыздан табылса, ол да біздің қауіпсіздігіміз үшін екен.

Жыл басынан бергі үш ай ішінде 5517 әскери бөлімінің жауынгерлері полиция қызметкерлерімен бірлесіп Ішкі істер органына түрлі құқық бұзғаны үшін жүз елуге жуық азаматты жеткізген. Олардың 22-сі – қылмысқа қатысты күдіктілер, 128-і – әкімшілік құқық бұзғандар.

Әскер қатарында қызмет ете жүріп, азаматтық абыройлы парыздарын өтеп жүрген сарбаздарға жүктелер сенім мол. Осындай сенім үдесінен шығып, ел тұтастығын сақтауға үлес қосып жүрген 1-2022 жылғы шақырылым сарбаздары, бұйырса, үш айдан соң отбасыларына оралады. Ата-анасымен, туыстарымен аман-сау қауышатын жігіттердің әскерден алған әсерімен ұзақ бөлісеріне сенімдіміз.

**Капитан
Ертуған ӘУБӘКІР,
Орал қаласы**

КУЗНИЦА СПЕЦИАЛИСТОВ АВТОБРОНЕТАНКОВОЙ СЛУЖБЫ

Военные вузы Казахстана всегда занимали и по-прежнему занимают почетное место среди всех высших учебных заведений. Воспитание и образование будущих профессионалов военного дела – их основная задача. В сфере подготовки высококвалифицированных военных специалистов особенно выделяется Академия Национальной гвардии, которая является первым военным вузом, созданным на заре Независимости нашей Родины.



Сегодня в Академии подготовка специалистов осуществляется на десяти кафедрах по восьми различным специальностям. В этой статье речь пойдет о кузнице специалистов автобронетанковой службы - кафедре технического обеспечения Академии Национальной гвардии Республики Казахстан.

Кафедра технического обеспечения является одним из основных выпускающих учебно-научных подразделений Академии, осуществляющим учебно-воспитательную, методическую и научную деятельность.

Главными задачами кафедры являются подготовка и переподготовка для Национальной гвардии, других войск и воинских формирований Республики Казахстан квалифицированных специалистов автомобильного обеспечения с высшим профессиональным образованием, научно-педагогических

и научных кадров высшей квалификации.

Кафедра технического обеспечения была создана в 1997 году в период формирования Военного училища Внутренних войск МВД Республики Казахстан. История становления кафедры неразрывно связана с историей становления Военного училища, которое проходило в непростых условиях. В период становления не хватало самого необходимого – оборудованной классной, лабораторной и полевой учебной материально-технической базы, учебных и наглядных пособий, литературы. Несмотря на это, у преподавателей кафедры было самое главное – огромное желание обучать дисциплинам кафедры и воспитывать будущих офицеров.

За свою историю кафедра технического обеспечения претерпела многочисленные изменения своего состава и названия.

В 1997 году, в период формирования учебного заведения была создана самостоятельная кафедра: кафедра материальной части и эксплуатации военной автомобильной техники. В последующем кафедра материальной части и эксплуатации военной автомобильной техники состояла из двух циклов — цикл материальной части военной автомобильной техники и цикл эксплуатации военной автомобильной техники.

В 2002 году кафедра материальной части и эксплуатации военной автомобильной техники реорганизована в кафедру эксплуатации, ремонта и вождения автобронетанковой техники. В состав кафедры входил цикл материальной части военной автомобильной техники.

В 2006 году объединением двух кафедр – была образована кафедра технического и тылового обеспечения. В состав кафедры вошли: цикл материальной части и эксплуатации военной автомобильной техники и цикл тыла.

После объединения двух кафедр в одну ее возглавляли подполковник Бекбенбетов Кайрат Тулегенович, полковник Капбасов Болат Хайруллоевич, кандидат исторических наук, полковник Косынтаев Кайрат Болтабекович, доктор философии (PhD) полковник Сатигулов Есимжан Советович. С 2020 года кафедру возглавил полковник Набиев Таир Рамазанович, выпускник Высшего военного училища Внутренних войск МВД Республики Казахстан.

В текущем году в рамках реализации программы развития военного образования и науки Национальной гвардии и плана развития Академии, распоряжением заместителя министра внутренних дел Республики Казахстан – Главнокомандующего Национальной гвардией на базе кафедры технического и тылового обеспечения сформированы кафедра тыла и кафедра

технического обеспечения, что позволило им продолжить свою деятельность как две отдельные кафедры.

В настоящее время кафедрой руководит доктор философии (PhD), полковник Денис Шамильевич Алтынбеков. Под его руководством кафедра продолжает успешно выполнять учебные, методические, научные задачи, направленные на подготовку высокопрофессиональных офицеров-специалистов войск правопорядка. На протяжении многих лет кафедра технического обеспечения является одним из лидирующих подразделений по учебной, методической и научной деятельности Академии.

В разные годы на кафедре преподавали и воспитывали курсантов подлинными профессионалами своего дела. Кафедра гордится тем фактом, что в ее составе трудились и продолжают свою деятельность ученые: кандидаты технических наук, профессора Владимир Павлович Нилов, Геннадий Кириллович Щеголев, кандидат педагогических наук, профессор Аскар Кабдушевич Калиев.

На сегодняшний день коллектив кафедры на 100% укомплектован квалифицированными специалистами, имеющими большой профессиональный опыт работы и прохождения службы на различных должностях в технических



подразделениях войск, среди которых доктора наук и магистры. Это такие офицеры как подполковник Ахметжанов Азамат Советович, подполковник Жапаров Нуржан Кенжибаевич, подполков-

ник Макин Амангельды Мадиевич, подполковник Тангирбердиев Надиржон Умарович и служащая Минченко Лариса Александровна.

Важную роль в обустройстве и развитие кафедры играет вспомо-





гательный состав кафедры – это начальник учебной лаборатории (тренажерных комплексов) капитан Киреев Виталий Сергеевич. Начальник подразделения (начальник кабинета) сержант Данияров Алмаз Жумагалиевич.

За время своего существования кафедрой выпущено более 300 специалистов автомобильной службы. Подготовлено более 1700 водителей категории «В, С», прошли переподготовку более 100 военнослужащих и сотрудников правоохранительных органов. Выпускники кафедры достойно представляют себя на высоких руководящих постах не только в Национальной гвардии, но и в Вооруженных силах, Пограничной службы, СГО, МЧС и МВД Республики Казахстан. Так, в настоящее время руководящий состав Автомобильной службы Национальной гвардии Республики Казахстан состоит из выпускников кафедры – это заместитель командующего региональным командованием «Шығыс» по технике и вооружению полковник Габдуллин Азамат Айдарович, заместитель начальника Академии по технике и вооружению полковник Токин Кайрат Дастенович, заместитель началь-

ника управления ГКНГ подполковник Кенжебеков Максат Болатович и начальник бронетанковой службы управления техники и вооружению Главного командования Национальной гвардии подполковник Шаймарданов Арсен Шаймарданович.

В настоящее время проходят подготовку будущие специалисты автомобильной службы на 4 курсах. Курсанты других специальностей получают знания по дисциплине: «Техническая подготовка и вождение машин».

Профессорско-преподавательский состав постоянно повышает свою квалификацию и проходит стажировку на различных должностях в частях и соединениях Национальной гвардии. Научно-педагогическим составом кафедры с момента основания вуза издано более 110 учебных и учебно-методических пособий, опубликовано свыше 1000 статей на семинарах, конференциях и научных изданиях в том числе зарубежных.

Кафедрой постоянно ведётся работа по созданию и совершенствованию учебной материально-технической базы. Кафедра оснащена специализированными аудиториями по устройству и

эксплуатации автобронетанковой техники и учебной авторемонтной мастерской на 8 постах, где курсанты практически отрабатывают вопросы обслуживания и ремонта автобронетанковой техники. Кроме того, оборудован компьютерный класс по изучению правил дорожного движения. С 2018 года на кафедре установлено и используется в учебном процессе четыре тренажерных комплекса вождения автомобилей «КамАЗ», «УРАЛ», «УАЗ», «БТР-80». В перспективе планируется установка еще одного комплекта тренажерного комплекса «БТР-80». На кафедре проведен капитальный ремонт всех помещений.

На сегодняшний день можно с уверенностью заявить, что научно-педагогический потенциал кафедры за время своего существования успешно выполнил, выполняет и продолжит выполнять поставленные задачи по подготовке высококвалифицированных специалистов автомобильных служб.

**Старший лейтенант
Олжас АДІЛЬБЕК,
г. Петропавловск**



«Тәрбиеші болу – жүрек таңдауы»

Соңғы болып жатқан саяси-экономикалық реформалар еліміздегі үлкен өзгерістердің болып жатқанын білдірсе керек. Бүкіл мемлекеттік басқару институттары өзгеріске ұшырап, мемлекеттік қызмет ішінде меритократиялық принципке сай жас әрі білікті де білімді жастар алдыңғы қатарға шығып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі бүгінгі елімізді «Екінші республика», «Жаңа Қазақстан» деп атап өтті. Бұл дамыған өркениетті қоғамдағы демократиялық принциптерге сай қоғамның өзгеруі, қоғамда озық ойлы, жалынды, білімді азаматтардың авангардқа шығуы десек, артық айтқандығымыз болмас. «Халық пен әскер бір» демекші, еліміздегі үрдістен Ұлттық ұлан әскері де қалыс қалып жатқан жоқ. Жас офицерлердің әскери бөлім тізгінін ұстауы жиілеп, жақсы үрдіске айналып барады. Бүгінгі кейіпкеріміз де салыстырмалы түрде жас болса да, үш әскери бөлімнің бас тәрбиешісі болып үлгерді. Оған Ұлттық ұландағы тәрбиешілер институты үлкен сенім артуда.

Әлихан Бөкейханов атамыз айтқандай: «Халыққа қызмет ету мінезден». Біздің бүгінгі кейіпкер подполковник Бауыржан Қансейітовті мінезсіз тұлға деп айта алмайсың. Бойындағы азаматтық болмысы сол мінезді ұғындырып тұрғандай. Бауыржан Бекзатұлы тәрби-

ешілердің арасында танымал азамат, біздің редакциямен де таныстығы ондаған жылға созылған. Қай кезде болмасын өзін үлгілі тәлімгер, адалдықтың ақ жібін үзбейтін принципшіл офицер ретінде танытып келеді. Мұның сыры неде? Осы сұрақтың жауабын іздеп Бауыр-



жан Бекзатұлының өміріне тамтұмдап бойлағанымыз абзал.

Бала Бауыржан 1988 жылы бүгінгі Түркістан облысы Төле би ауданы Леңгір кентінде дүниеге келген. Балалық бал дәурен шағы әкесі Бекзаттың қолында өтті. Бекзат аға да сол ауылдың тумасы, еңбегін салық басқармасына арнаған жан. Ауданда қызмет атқара жүріп, жергілікті бюджеттің ұлғаюына, ел ырысының көбеюіне үлес қосып жүрді. Әрине,





ауданда бөтен адам жоқ. Сайып келгенде барлығы бір-біріне туыс болып келеді. Ағайынның арасындағы көзі ашық, білімпаз Бекзат ақсақалдың алдына келетін. Сөз бен іске жүйрік, заң тұрғысынан сауатты әкесі қара қылды қақ жарған Төле би бабасындай «өгіз өлмей, арба сынбайтындай» шешімдерді қабылдайтын. Ауылдағы ағайынмен білгенімен бөлісіп, елді ауызбіршілікке баулып жүрді. «Тартпай тумас негізге» демекші, бала Бауыржан мен бауырлары осыны көзі көріп өсті. Ауданның аузы дуалы ақсақалдары, беделді басшылары, елге танымал тұрғындары әкесі Бекзаттың шаңырағында жиі қонақта болатын. Ағайындарының ұлағатты әңгімелерін естіп, баталарын талай алған бала Бауыржан өз өмірін Отан қорғау саласымен байланыстыруға бел буды.

Мектепті сәтті аяқтағаннан кейін, қолына құжаттарын алып еліміздің солтүстігіндегі Петропавл қаласына барады. Сондағы мақсат кешегі ҚР Ішкі әскерлердің әскери училищесіне, бүгінгі Ұлттық ұлан Академиясына түсу болатын. Жыр алыбы Сүйінбай Аронұлы «Кез келсе екі тарлан бірі кәдік, бірінің шайнаулы ғой бармақтары», деп айтқандай, алыстан ат терлетіп келген жас талапкерді ешкім алдынан күтіп тұрмады. Арманы үшін тер төгіп, күресу қажет болды. Сол жылы жоғары әскери оқу орнына да үміткерлер көп болды. Әр орын үшін күш жұмсауың керек еді. Бауыржан Бекзатұлы өзінің бар өнерін алға салып, жоғары бәсекелестікте аталған училищенің

курсанты атанды.

– Әлі есімде он жеті жасымда алғаш рет Петропавл қаласына бардым. Менің ағамның сыныптастары ҚР Ішкі әскерлердің әскери училищесінде оқыды. Сондықтан Ішкі әскерлер туралы мен нақты білдім. Әскерлер қандай қызмет атқарады, міндеті қандай деген сұрақтың жауабын білетінмін. Өйткені, құқықтық тәртіп әскері ішкі істер органдарының біртұтас жүйесіне кіреді және мемлекетіміздің ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Жеке азаматты, қоғам мен мемлекетті қылмыстық, тағы басқа да заңға қайшы әрекеттерден қорғауды жүзеге асырады. Бұл қызмет түрі күрделі екенін де естідім. Солай десе де, алдыма мақсат қойып, құқықтық тәртіп әскеріне саналы түрде келдім. Бұл менің өмірлік таңдауым болды десем, артық айтқандығым емес. Әскери институтқа түсіп, офицер атанғым келді. Сондықтан сынақтарда қаншалықты қиын болса да, өзімді қамшылап арманыма қарай ұмтылдым. Менің ойымша, Отан қорғау – қасиетті парыз, тәрбиеші болу – жүрек таңдауы. Жаратқан қолдап мен аталған оқу орнына түстім. Сәтті аяқтадым.

Кейіпкеріміздің айтуынша, Ұлттық ұлан Академиясының тарихы маңызды оқиғаларға толы. 1997 жылы 20 желтоқсанында Тұңғыш Президент оқу ордасының жеке құрамына Жауынгерлік Туды өз қолымен тапсырды. Академия көптеген даму сатысынан өтіп, бүгінгі биік деңгейге көтерілді. Олардың мақтанышы ұстаздармен қатар, кур-

санттары. Жоғары оқуға түсу бар да оны ойдағыдай аяқтау бар. Бауыржан Бекзатұлы курсанттық кезеңді формалды уақыт өткізу емес, өзіңді барынша дайындайтын, барлық жағынан дамытатын кезең деп білді. Елдің өнерін меңгеріп, тілін жаттықтырды. Әскери салаға қатысты талай білімін шыңдады.

– Мен үшін курсанттық кезеңім өте бір жақсы кезең болды деп ойлаймын. Мемлекет киімінді, тамағыңды қамтамасыз етеді. Барлық нәрседен босатып, саған білім жинауға уақыт береді. Қасиетті жазуларда айтады ғой. «Жастық шактың, бос уақыттың қадірін біл» деп. Біз барынша өзімізді болашақ офицерлік өмірге дайындадық. Қол қусырып жүру менің табиғатыма жат дүние. Үйде төрт баламыз. Әкеміз бізді темірдей тәртіпке сай тәрбиеледі. Біз оқуымызға да, үй жұмысына да үлгеретінбіз. Көшеде бездендеп бос жүрмейтінбіз. Сол әдет қанымызға сіңген. Әр нәрсені ақылға салып, зерделейтінбіз. Әкемізге осындай тәрбие үшін үлкен рахмет. Курсант кезде желік құмай, білім іздедік. Ол адамның ішкі ұстанымына байланысты,-дейді ол.

Уақыты жетіп, оқу аяқтағанда жас офицерді «Оргалық» өңірлік қолбасшылығы 5451 әскери бөліміне жібереді. Алғашқы қызмет жолын жедел мақсаттағы рота командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары болып бастайды.

– Майқұдық бұл елімізге әйгілі өңір. Бұл жерден атақты боксшымыз Геннадий Головкин шыққан. Еліміздегі бокс мектебінің мәйегі десем болады. Жергілікті халық арасында спорт культі, әсіресе ұрысқа арналған спорт түрлері кең тараған. Біздің рота осы ауданда қызмет атқарды. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етті. Сондықтан, жауынгерлерімізге осы ауданның ерекшеліктерін, заңды түсіндіреміз және ерлікке баулитынбыз. Мұның барлығы ротадағы тәрбие жұмысынан басталады. Жауынгердің жүрегін рухқа толтыру керек. Сонда ол тапсырманы дұрыс орындайды. Ол үшін тәрбиеші офицердің өзі де өз ісіне бек сенуі қажет. Ротада жауынгерлік рухымыз мығым болатын,-деп алағашқы қызметін есіне түсірді офицер.

Қызметіне мығым тәрбиешіні Астана қаласындағы қамтамасыз ету полкі 3660 әскери бөліміне тәрбие

бөлімінің бастығы етіп тағайындайды. Полктің негізгі міндеті Бас қолбасшылықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету. Көптеген тапсырмалар жоғары басшылардан келіп түседі. Осындай да тағдыршешті тапсырмаларды дәл орындау қажетсің. Артылған сенім тым жоғары болады. Қуанышына орай, кейіпкеріміз сыннан сүрінген жоқ.

- Астанадағы қызмет өзіндік ерекшелігімен есімізде қалары сөзсіз. Өзіміз үлгі тұтқан тәлімгер басшылармен қоян-қолтық қызмет атқарасың. Жылына бір рет көретін генералдар күнде байланыста. Жоғары басшылықтың көз алдында жүресің. Мен үшін үлкен әсер қалдырған марқұм генерал Мұхаметқали Сатов. Ол кісінің өмірлік тәжирибесі, білімі және мінезі мені тәнті етті. Әскерде «Сатов келе жатыр» дегенде ай бұрын дайындалатын. Біздің әскери бөлім Бас қолбасшылықтан шықпайды. Күнделікті өмірін қамтамасыз етеді. Бірде әскери бөлім командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары болмай, мені генерал М. Сатов шақырып алды. Алдыма Бас қолбасшылық аумағында Наурыз мерекесін ұйымдастыру тапсырмасын қойды. Ол жерде қазақ үй тігулі, алты бақан тұрғызулы, мініс аттар және балаларға арналған аниматорлар болуы керек еді. Жалпы алғанда барлығы көркемдеулі тұруы тиіс еді. Басымды ұстағанымды жасырмаймын. Мейлің, Шымкент қаласында болсын, таныс-тамыр, ағайын-туыс бар. Астанада бұл үлкен күшті талап етеді. Бар-жоғы үш күн берді. Маған сенім артатынын айтты. «Мен тапсырма орындалады» дедім. Содан елордадағы барлық варианттарды қарастырдым. Астана қаласы әкімдігімен бұрыннан байланыс орнатқан едім. Солардың көмегі тиді. Қаланы көркемдеу басқарамасы көмектесті. Сонда ұқтым, генерал мұның барлығын бір телефон соғумен өзі-ақ шешер еді. Ол бізді елмен аралассын, барлық ықпалдастық органдармен достық, әріптестік қарым – қатынас орнатсын деп бір сынаған екен. Генерал М. Сатовтың ұстанымы бойынша ұландық офицер, оның ішінде тәрбиеші жеке құрамды жігерлендіретін ғана әскери қызметші емес, айналасымен қарым-қатынасты жасаған, алысты жақындататын, жақынды бауыр ететін дипломат,

сәуегей сардар. Ел ішінде мемлекеттік идеологияны жүргізетін тұлға болуы керек,-дейді ол.

Сонымен сыннан сүрінбеген кейіпкерімізді алдымен Қарағанды қаласындағы 5451 әскери бөлімі командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары етіп тағайындайды. Араға екі жыл салып Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің Ұлттық ұлан факультетіне білімін жетілдіруге жібереді.

– Магистратура мен үшін үлкен мүмкіндіктердің мезгілі болды. Біріншіден маған сенім артып, оқуға жіберді. Екіншіден, мен жоғары білімді, ұлағатты ұстаздардың қолына келдім. Сол кездегі факультет бастығы генерал-майор Ж. Ахметов және тағы басқа ұлағатты офицерлер бізді бар білгендеріне үйретті. Біздің

бойымызға ғылымға, білімге деген қызығушылықтарды сіңірді. Күнделікті күйбең тіршілікпен жүріп адам баласы негізгі рухани мәселелерді ұмытып кетеді. Ал ғылыми ортада сені осы бағыт бойынша тәрбиелейді. Ортақол офицерден елдің қамын ойлайтын, мемлекетшіл тұлға, болашақ басшы етіп тәлім береді. Осы уақыт біз үшін өте жемісіті өтті, – деп ағынан жарылды Бауыржан Бекзатұлы.

Екі жылдық магистратураны аяқтаған соң, туған өлкесіндегі 6698 әскери бөлімі командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары етіп тағайындалады. Кейін, қызметтік қажеттілік бойынша Тараз қаласындағы 5513 әскери бөлімі командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі





орынбасары етіп тағайындалады.

— Осыған дейін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін әскери бөлімде қызмет атқарып, кейін айдауыл полкінде болдым. Енді Тараз қаласындағы 5513 әскери бөлімінде қызмет атқарудамын. Бұл әскери бөлім қызметтің екі түрін яғни қоғамдық тәртіпті де қамтамасыз етеді және ҚАЖ мекемелерін күзетеді. Алған тәжірибем осы жерде қажет болды. Біздің әскери бөлім полктен құрамаға ауысып жатыр, болашақта үлкен әскери құрамалардың қатарын толтырады. Осындай тарихи сәттердің бастауында болған мен үшін абырой, онымен қоса үлкен жауапкершілік. Бүгінгі қызмет ертеңгі тарих, сол үшін әр қадамды ойлап басқан жөн,-дейді тәрбиеші тұлға.

Тәрбиеші офицер болу оңай шаруа емес, ол үшін тек қана білім емес, өмірлік тәжірибе, мінез және зейін керек. Жеке құрамды жігерлендіру, қыңыр мінезді сарбазды жөнге салу үлкен жауапкершілік. Кейіпкеріміз міндетін мінсіз атқаруда. Әр өңірден жиналған жауынгерлерді бір үйдің баласындай, тоңның ішкі бауындай тәрбиелеп келеді. Әкесі Бекзат Айтқұлұлы есімін берерде ырымдап атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлына ұқсатып Бауыржан деп есімін қойған екен. Бүгінгі ұландық Бауыржан әйгілі аттасының кітаптарын оқығанды жаны ұнатады. Өзіне бір үлгі ретінде сыйлайды. Бауыржан Момышұлы: «Мен істедім дегенше, мың істеді десеңші, Ер істеді дегенше, ел істеді десеңші» деген сөздерін жадына құйып алған. Сондықтан барлық жетістіктері үшін өзіне сенім артқан «Халық қаһарманы», ҚР Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары полковник Қайрат Үмбетовке, тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар Бас басқармасының бастығы полковник Александр Крамарға, «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары полковник Ниязтай Әлкешев пен басқарма бастығы полковник Атабек Салихбаевқа алғысын білдіреді. Сондай-ақ, қоластындағы жеке құрамына да айтар алғысы мол. Әкесі Бекзат Айтқұлұлына өмірлік қарыздар екенін тілге тиек етеді. Өкінішке қарай, әкесі Бауыржанның көп жетістігін көрмей, 2009 жылы

жол апатынан көз жұмыпты. Солай десе де, балалары әке жолына адалдық танытып, өмірден өздерінің лайықты орындарын тапты. Ағасы Думан Қансейітов әке жолын қуып салық саласында жемісті еңбек етіп жатыр. ҚР Салық комитетінің белді қызметкері. Інісі Нұрсұлтан Қансейітов Астана қаласының полиция Департаментінде басқарама бастығы, полиция майоры. Тағы бір інісі Азамат Қансейітов ағасымен бірге құқықтық тәртіп әскерінде Отанға қызмет атқарып жүр. 6656 әскери бөлімі командирінің тыл жөніндегі орынбасары. Бүгінде әке орнына әке, ана орнына ана болып жүрген анасы Алма Төлеуқызы кейіпкеріміз Бауыржан Қансейітовпен бірге тұрады. Баласын ертеңгісін ақ батасымен қызметке шығарып салып, кешке аналық мейіріммен қарсы алады. Ұлының тілеуін тілейтін

әлемдегі ең аяулы жан.

Иә, жаңа форматтағы офицерлердің берері мол. Бүгінгі буынның басшылары елімізді ертеңгі жетістіктерге жеткізеді. Олар қызметтерінде сенімді офицер, адал қарулас. Үйлерінде өнегілі әке, аяулы өмірлік серік. Барлық жағынан үлгі, барлық жағынан өнеге. Бауыржан Бекзатұлының жанұясы жайында айтып өткен жөн. Қостанай өңірінің тумасы жан жары Әсия Серікқызы екеуі шуақты шаңырақ құрып, Бекнұр, Жансая, Бақытжан есімді ұл-қыздарды тәрбиелеп келеді. Отбасы әкесіне берік тіреу болып, үнемі қолдау көрсетуге дайын. Қазанымыз оттан, азаматтарымыз аттан түспесін.

**Майор
Дарын СЕЙІТОВ**



ӨНЕРГЕ КЕЗ КЕЛГЕН ЖАСТА КЕЛУГЕ БОЛАДЫ — РИНАТ ДОШИБЕКОВ

Ринат Дошибеков – бұрынғы әскери қызметші. Бүгінде өнерде жүрген азамат. Ұлттық ұлан сарбаздары оны «Қазбат» фильміндегі командир рөлі арқылы жақсы таниды. Ол қазіргі Жетісу облысы Панфилов ауданы Қоңырөлең ауылында 1978 жылы 8 сәуірде өмірге келген. Сол ауылда 9-сыныпқа дейін оқыған. Содан кейін Жаркент қаласындағы ОКТУ-19 училищесінде оқыған. Кейін әскер қатарына алынған. Барлау қызметінде, десанттық шабуылдау бөлімдерінде қызмет еткен. 2007 жылы әскери саладан қол үзіп, 2009 жылға дейін Алматы қаласындағы банктердің бірінде оққағар болып жұмыс атқарған. Одан кейін өнерге бет бұрған. Қазіргі уақытта қосымша шағын бизнеспен шұғылданады.



– Кейінгі жылдары әскерилер жайлы отандық кино туындылар жиі түсіріле бастады. Солардың ішінде шынайы оқиғаға негізделген «Қазбат» көркем фильмі бар. Тәжік-ауған шекарасында бітімгершілік миссияны орындап жүрген қазақстандық 17 жауынгердің ерлікпен қаза тапқан сәті сериалға да арқау болды. Сіз осы кино-сериалда бас кейіпкердің бірін сомдап шықтыңыз. Өз басым сіздің өнеріңізбен осы туынды арқылы таныстым. Сондықтан киноға кеш келген сияқты көрінесіз. Қателесуім де мүмкін. Актер ретінде алғашқы қадамыңыз қашан басталды?

– Меніңше, өнерде ерте-кеш деген түсінік жоқ. Ондай ұғым болма-

уы да керек. Кез келген жаста бақ сынауға болады. Актер ретінде алғашқы рет 29-30 жасымда киноға түсе бастадым. 2007 жылы мен әскер қатарынан кеттім. 2009-2010 жылдары фильмге түсетін мүмкіндік пайда болды. Ең бірінші рет «Бақсы» деген көркем фильмде ойнадым. Киноны режиссер Гүлшат Омарова мен Сергей Бодров Алматы қаласында және Жаркентте түсірді. Ал сіз айтып отырған «Қазбатта» мен взвод командирінің рөлін сомдадым. Мені кастинг арқылы таңдап алды. Рөлге бекітетін кезде бір қызық сәт болғаны бар. Қалада

жеке шаруаларыммен жүргенмін. Бір бойжеткен хабарласты. «Аға, соғыс эпизодтары бар «Қазбат» деген фильм түсіргелі жатырмыз. Соған байланысты кастингке келсеңіз... Сізді бір сарбаздың әкесінің рөліне қарастырып отырмыз» деді. Әдетте мұндай ұсыныс түссе жетіп баратынбыз. Неге екенін білмеймін, дәл сол күні «Жарайды. Ертең барамын» деп жылы жауып қоя салдым. Әлгі қыз ертесіне тағы қоңырау соққан соң, түс кезінде уақыт тауып, бардым. Барсам мені шақырған бойжеткеннің өзі жоқ. Кастингке Нұрсұлу деген қыз жауапты болып отыр. «Мені сарбаздың әкесінің рөліне шақырған едіңіздер» деп жағдайды баяндап жатсам, жаңағы кісі «Қандай әкенің

рөлі? Сіз офицерді ойнайсыз. Взвод командирінің рөлін байқап көріңіз» деді. Мен болсам «Жоқ, мен сарбаздың әкесі болып ойнаймын» деп қоямын. Мені басты рөлге емес, офицердің қатысуымен болатын бір эпизодқа ғана алғысы келіп отырған болар деп өзімше шу шығарып, дауласып жатқанымда фильмнің қоюшы-режиссері Асқар Ұзабаев келіп қалмасы бар ма?! Бұрын сырттай бір-бірімізді білуші едік. Амандасқаннан кейін командирдің рөлін сомдауға «проба» жасап көрді. Со-сын кейін хабарласамыз деп шығарып салған. Арада бір сағат өткен соң режиссер шақырды. Сол кезде бәрін түсіндіріп берді. Сөйтсем, бұл кісілер мені басты рөлге бекітіп жатыр екен ғой. Ал мен сарбаздың әкесінің рөлін сомдаймын деп болмай отыр едім. Маған берілген образ 2 адамның жинақталған прототипі болатын. Режиссерлер мен продюсерлердің шешімі осындай болды. Мәселен, фильмнің басында сарбаздарды қабылдап алған басқа офицер де, шекара шебіндегі сәт офицер Қ. Сәтпаевтың өмірінен алынған. Түсірілім барысында аса бір қызықты оқиға болған жоқ. Керісінше, қиындықтар көп болды. Мысалы, сол кездері күн өте ыстық болған еді. Біз Шарында, Іле бойында және Қаракемерде түсірілім жұмыстарын жүргіздік. Іле өзенінің жағасындағы түсірілім уақытында күн аптап ыстық болды. Ауа температурасы 40 градустан төмен түспей қойды. Жұмыстың арасында өзенге секіріп, салқындап аламыз. 2-3 минут өтпей жатып қайтадан ыстықтаймыз. Сондай қиындықтары болды. Ең бастысы ешқандай оқыс оқиға болған жоқ. Сол кездері бүгінде өмірден өтіп кеткен генерал-майор Мұхаметқали Сатовтың үлкен көмегі тиді. Әрқайсымыздың хәлімізді сұрап, жағдайымызды жасап берді. Жалпы сол туындыдағы рөлім сәтті шыққан деп ойлаймын. Сол кездегі түсірілім тобына алғысым шексіз. Режиссер Асқар Ұзабаевқа және продюсеріміз Данияр Ибрагимовке көп рахмет айтқым келеді.



– *Отан алдындағы әскери борышыңызды қай жерде өтедіңіз?*

– 1996-1998 жылдары Алматы қаласындағы әскери ұшқыштар бөлімінде өз борышымды өтедім. Өлі күнге дейін бөлімнің атауы есімде – 62273. Сосын бірнеше жыл келісімшартпен әскери қызметші болды.

– *Әскери қызметші мен өнер адамының кәсібилігінен өзге қандай айырмашылығы бар?*

– Екі мамандық иелері арасында айырмашылық өте көп. Менің ойымша, әскери қызметтен өткен адам кез келген мамандықты алып жүре алады. Өйткені, әскерде талап пен тәртіп бар. Бұл екеуі болған жерде кәсібилік те шыңдала түседі. Бұған әскери саланың ауыртпашылығын қосыңыз. Соның бәріне шыдай білген жан басқа салалардың қиындықтарына да төзе біледі. Әрі кез келген кәсіпті меңгеріп кете алады деп ойлаймын.

– *Жоғарыда аталған фильмде баспаңқы эпизодтарда қатарға енді қосылған тентек сарбаздардың бірін тезге салу үшін жұдырық жұмсаған сәтіңізден кадр бар. Бұрынғы әскери қызметкер ретінде шыныңызды айтыңызшы, бұл тәсілді қызмет барысында қолданған кезіңіз болды ма? Бүгінгі қазақ әскерінде мұндай жағдай қаншалықты жиі кезігеді?*

– Иә, жасырмаймын, өзімнің қарамағымдағы кей сарбаздарға қолым тиген кездер болды. Бірақ мұндай әрекетке еріккеннен және ішім пысқаннан барған емеспін, өзіңіз айтқандай, тезге салу үшін тіс ба-

тыруға мәжбүр болған кездер болды. Ал қазіргі шақтағы әскердегі жағдайдан хабарым жоқ. Сондықтан өзім үшін ғана жауап бере аламын. Бірақ бұқаралық ақпарат құралдары тарататын күнделікті жаңалықтардан осындай оқиғалардың болып жатқанын естіп жатамыз. Мұндай әрекеттердің қаншалықты дұрыс-бұрыс екенін білмеймін. Себебі, бұл жағдайға біржақты қарауға болмайды. Сарбаз да, офицер де қателесуі мүмкін. Бұл сауалыңызға осылай ғана жауап бере аламын.

– *Егер мүмкіндік болса, әскери салаға қайта оралар ма едіңіз?*

– Білесіз бе, мен өз таңдауымды жасаған адаммын. Өзімді киноиндустрия саласынан көргім келеді. Бұл – менің қалауым! Сондықтан әскерге қайтып барғым келмейді. Өйткені, әскери салада «бүгін барам, ертең келемін» деген секілді әңгімелер жүрмейді. Ол жерде бәрі де темірдей тәртіпке сүйенген. Демек, сен де тәртіпке бағынуын һәм бағындыра білуін керек. Ал мұның бәрі өмірін шығармашылыққа бұрып әкеткен



жандар үшін қиындық туғызары сөзсіз. Сондықтан да қайта оралмас едім. Бұл сөзімді әскерді ұнатпағандан, жек көргеннен айтып отырған жоқпын. Әскер – жақсы орта. Маған ұнайды! Бірақ мен өнерді, соның ішінде киноны алдыма мақсат етіп қойдым. Қысқаша қайырсам, мен өнерде қаламын.

– *Бүгінде Ұлттық ұланның ардагері, запастағы полковник Қуаныш Қожахметов сізге «әскери мектептен өткен, тәртіп пен тәрбиенің жөнін білетін жігіт» деп баға берді. Өмірдегі және өнердегі ұстаздарым деп кімді атай аласыз?*

– Бірінші кезекте, Қуаныш Әбілмәжінұлының маған берген бағасы үшін зор алғыс айтқым келеді. Ол кісімен «Қазбат» фильмін түсіру кезінде танысқанбыз. Сол кезде оның әскери жарғыны жетік меңгергеніне және сценарийде кезігетін түрлі әскери терминдерді дұрыс қолдана білгеніне таңғалғанмын. Осындай мықты, білімді офицерден мұндай баға алу – мен үшін үлкен мәртебе.

Өмірлік ұстазым деп ешкімді айта алмаймын. Ал әскери сала тұрғысынан алар болсақ, подполковник Марат Жақсыбаев пен полковник Бакытжан Убековті ұстазым деуге болады. Қазір ол кісілер еңбек демалысында (отставкада). Ал өнердегі ұстазым – Тұңғышбай аға. Тұңғышбай Жаманқұловтың өнері-



не қызығамын. Әлі күнге сол кісідей болсам деп талаптанамын. Сол кісінің деңгейіне жетсем деп армандаймын. Оның қазаққа еңбегі сіңген. Міне, осындай тұлғаны ұстаз тұтамын.

– *«Шын талантқа тұсау жоқ». Арнайы актерлік біліміңіз болмаса да бірталай кинода бой көрсеттіңіз. Демек белгілі бір деңгейде көрермен көңілінен шығып жүрсіз деген сөз. Бұл – әрине, қуантарлық жағдай. Кейде «Шымшық сойса да қасапшы сойсын» деген сөзді естіп қаламыз. Өзгелердің мұны сізге қарата айтқан кезі болды ма?*

– Бұл сөзді дәл маған келіп, бетіме айтқан ешкім жоқ. Өзімнен әзілі жарасатын, қалжыңдаса алатын дос-жарандардың айтып қалатын сәті бар: «Әй, сен деген әскери адамсың ғой. Бар жұмысыңды істе» деген сияқты... Оның бәрі, әрине, әзіл. Ал кейбір адамдардың бұл сөзді сырттымнан айтып жүргені жайлы маған жетті: «Мұның актерлік білімі жоқ. Ол рөлге неге бізді алмайды» дегендей әңгімелер айтылатын көрінеді. Бірақ, мен мұндай сөздерге мән бермеймін. Өйткені, менің алға қойған мақсатым бар. Әр адаммен осы сөз үшін ұрысып жүретін болсам нем қалады? Сондықтан болмайтын сөзге дәлел іздеп уақыт жоғалтқым келмейді.

– *Адамның дене-бітімінен спортқа деген жақындығын аңғаруға болады. Сізді көргенде әйтеуір бір спорт түрімен шұғылданады-ау деп ойлады.*

– Иә, мен кішкентай кезімнен бастап спортпен шұғылданып келемін. Бала кезімде жүгіретінмін. Біздің ауылда спорт қатты дамымаған еді. Бірақ ауыр жұмыс істеп, атқа мініп, көкпар ойнап жүрдік. Соның пайдасы болар, мықты жігіттердің бірі болып өстік. Есейе келе боксқа бардым. Жүзуге қатыстым. Жекпе-жек спорт түрін үйреніп алдым. Әлі күнге дейін спортпен айналысып тұрамын. Өзіме қатты ұнайтын спорт түрі – бокс. Соккы жасау техникасына деген қызығушылығым зор.

– *Балалық шағыңыз қалай өтті?*

– Басқа балалардан ешқандай ерекшелігім жоқ. Жоғарыдағы сұрағыңызға жауап беріп өткенімдей, ат үстінде көкпар ойнап, үлкендердің айғайымен жетілдік. Ойнаймыз, жү-

мыс істейміз. Ойнаймыз. Сосын қайтадан жұмыс күтіп тұрады. Жаман өтті дей алмаймын. Алдымен Алла Тағаланың, өзімді өсірген әке-шешемнің, бауырларымның арқасында ел қатарлы балғын балалықтың дәмін таттық.

– *Қазір қандай жобаларға қатысып жатырсыз? Негізгі кәсібіңіз жайлы кеңінен айтып бере аласыз ба?*

– Құдайға шүкір киноға шақыртулар түсіп тұрады. Қазір Qazaqstan телеарнасы түсіріп жатқан сериалдардың біріне қатысып жатырмын. Негізгі кәсібім сауда-саттықпен байланысты. Әйтпесе, Қазақстанда тек қана киноға түсіп, соның табысымен күн көру мүмкін емес. Бұған менің ешқандай театрда жұмыс істемейтінімді қосыңыз. Сол үшін сауданы және тұтынушыларға қызмет көрсетуді кәсіп түріне айналдырған жайым бар.

– *Отбасыңыз жайлы, отбасылық құндылық туралы не айтар едіңіз?*

– Иә, шаңырақ көтергенмін. Өз отбасымды мақтан етемін! Бір қызым, үш ұлым бар. Қызым менің жолымды қуып, актриса әрі театр сыншысы мамандығында оқыды. Биыл



қызымды құтты орнына қондырдым. Ең кішкентай ұлым жақында екі жасқа толады.

Ал отбасы құндылығы жайлы көп нәрсе айтуға болады ғой. Сондықтан бір ғана дүниені айтайын. Мен үшін ең басты құндылық – отбасымның ауызбіршілігі, бір-бірін сыйлауы, бір-бірін құрметтеуі. Бұдан бөлек, әскери адам ретінде отбасымдағы тәртіпті талап етемін.

– *Сауалыма жауап бергеніңізге көп рахмет!*

Әңгімелескен
қатардағы
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ



Жетінші рота, һәм жетінші сәуір

Ұлттық ұланның «Шығыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты түзеу мекемелерін күзететін Өскемендегі 6699 әскери бөлімінде жауынгерлік міндетін атқарып жүрген 1 атқыштар ротасының старшинасы, 3 сынып сержанты Бекжан Көшкінбаев және осы әскери бөлімнің ардагері Дәулет Елеусізов тәжік-ауған шекарасындағы қақтығыс жайлы арнайы сұхбат берді.

Қай уақытта болмасын қазақтың қан майданнан шегінген жері жоқ шығар. Елдің тұтастығын сақтап, жерді қорғау жолында қанды жорықтан қалған емес-ті. Тайпалық заманнан басталған соғысқа әуес әдет пен рух тамырымызды бойлап, сүйегімізге сіңген. Сондықтан да соғыс десе атойлап алға шығатын батырларымыз көп болған-ды. Аттың жалында, түйенің қомында өткен арғы ғасырлардағы қанды жорықтарды айтпағанда, бергі жылдардың

жүзінде де бейбітшілік жолында жанын қиған жауынгерлер көп болды. Солардың бір парасы тәжік-ауған соғысында ерлік көрсеткен еді.


Одақтық мүдде жолында оққа ұшқан 17 сарбазын отандастары ешқашан ұмытпақ емес. Әңгіменің әлқисасын әріден бастасақ, 1993 жылы Тәжікстанда тұтанған азаматтық соғысты тілге тиек етуге тура келеді. Сол тұста жаңадан құрылған ТМД елдерінің басшылары ұйымға мүше Тәжікстанға қол ұшын беруге келісті. Елдің Ауғанстанмен шектесетін аймағы қауіпті болғандықтан, бұл шептің қорғанысын нығайту үшін ТМД елдерінің Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей армиясынан жасақталған бітімгер жауынгерлері атандырылды. Осылайша, 500 адамнан құралған батальон кезек-кезек Тәжікстан Республикасының шекарасын қорғап

жатты. Бітімгерлік майданға өз еркімен аттанған азаматтар 3 ай шекара күзетінде болып отанына оралып отырған. Алайда 1995 жылдың көктемінде қайтуға тиісті сарбаздардың арман-мақсаты орындалмады. Жетінші ротадағы сарбаздар 7 сәуір күні шабуылға ұшырап 17 әскер мерт болады. Біз сол соғыс майданында болған Дәулет Елеусізов арқылы батырлардың ерлігін елге жеткізуді жөн көріп, әңгімелескен едік.

Бізге «Ыстық нүктеге» барасындар» деді

Қазір бейбіт өмірдің құшағында жүрген Елеусізов майдандастарын еске алғанда еріксіз күрсініп алды. Сәуірдің сол бір күні оқыс оқиғаға тап боларын ойламаған да екен. Өйткені, оған дейін 1 ай шекара шепін күзеткенде бір де бір рет мылтық дауысын есітемеген. Өздері де шүріппе баспаған. Болған оқиғаны Дәулет Елеусізов бала күнгі арманымен байланыстыра отырып бізге баяндап берді.

– Біздің бала күнімізде ақпарат көзі телевизор мен газет-журнал ғана еді ғой. Тәуелсіздік алғанға дейін кезкелген дүниені көрсете бермейтін. Алайда егемендіктен кейін тәжік-ауған соғысын да көрсете бастады. Неге екенін білмеймін жаңалықтарды көрген сайын сол соғысқа барып, шекарасын қорғасам ғой деп ойлайтынмын. Ол кезде ауғандарды еліміздің жауы деп ойладық. Содан не керек 1993 жылы қараша айында әскерге аттандым. Шымкент қаласындағы 5485 әскери бөліміне түстім. Ол әскери бөлімде арнайы оперативтік полк болды. Олар Қазақстанның кез келген жерінде қандай да бір жағдай болса 2





сағатта жете алатындай дайындықта болады. Қазіргі Ұлттық ұлан ол кезде Ішкі әскер болатын. Мен сол Ішкі әскерде борышымды өтеп жүргенмін. Содан бір күні біздің әскери бөлімнен тәжік-ауған соғысына бітімгерлік майданға баруға аттанам дегендерді тізімдеп жатқанын естідім. Содан бала күнгі арманым алдымнан шыққандай болып ең бірінші тіркелдім. Алайда алғашқыда жассындар деп алмады. Содан әйтеуір соңғы жылы тізімге іліктім. Біржағы майдан көріп, екінші жағы ақша тауып қайтқым келді. Осылайша, жетінші ротаның құрамында 1995 жылы тәжік-ауған шекарасына аттандым. Душанбе қаласына самолетпен түсіп, арықарай тікұшақпен аттандық. Тәжікстанның шекарасындағы «Фадкнов» деген ауыл орналасқан шекара аумағын бақылайтын болдық. Пяндж өзенінің арғы бетінде Ауғанстан ауылдары отыр да, бергі беті Тәжікстан ауылдары. Шекараны өзен ғана бөліп тұр. Төменнен жоғары қарай үш топқа бөлініп орналастық. Осылайша бұл жерде 1 ай күзетте болдық. Ешқандай атыс-шабыс болған жоқ. Тіпті кейде мылтығың оқыс

атылып кетсе түсініктеме жазуға тура келеді. Өйткені себепсіз елдің тыныштығын бұзған болып есептелесің. Біз Қазақстан ротасы болып есептелгеніміз болмаса жоғары жақта орыстарға бағынамыз. Өйткені ТМД елдерінен келген роталарды орыстар басқарып, бұйрық береді. Бір күні жоғары жақтан «уазикпен» әскери адамдар келіп келісім жасап, басқа жаққа ауысатынымызды айтып кетіпті. Оны біз рота басшыларынан естідік. Бір жерде жата беруден жалыққан бізге бұл әуел баста қуанышты жаңалықтай болды. Содан сәуірдің 5 күні бұйрық беріліп, басқа жаққа баратынымыз айтылды. Сөйтіп 7 сәуір күні таңға жуық орталық отрядқа келдік. Сол жерден Ресейдің, Тәжікстанның және басқа да роталар қосылатынын естігенбіз. Осылайша орталық отрядта біраз айналдық. Жалпы отряд коллонасы жүргенде тікұшақ беру керек. Ол қаз-қатар қозғалған ротаның алды артын биіктен шолып отырады. Сол жерде тікұшақ берілмей жатқанын құлағымыз шалып қалды. Басты себеп тікұшаққа құятын жанармай жоқ екен. Біраз уақыттан кейін тікұшақсыз жолға

шығуға шешім қабылдағандарын айтты да қозғалып кеттік. Жол бойы әнімізді салып, әзілімізді айттып мээ-мейрам отырдық. Түскі сағат 12-лер шамасында бір жерге келіп кілт тоқтадық. Алайда бізге ешқандай команда берілмеді. Сөйтсек алдында айтқан «горячи точкаға» келіп тоқтаппыз. Рота бастықтары біз қоныстанатын жердің қауіпсіздігін, ыңғайын бақылауға түсіп кетіпті. Біз үш взвод кетіп бара жатқанбыз, соның біреуін осында қалдырғалы жатыр дегенді естідік. Бір уақытта гүрс етіп алдыңғы машинаның жарылғанын естідік. Сол кезде барып бізге «соғыс» деген бұйрық берілді. Мен машинаның шет жағын ала отырған болатынмын. Өйткені мен «старший» едім. Ортада біздің керек-жарақ салынған үш-төрт қанар жатқан болатын. Сарбаздар сатыр-сұтыр сыртқа атылғанда менің аяғым әлгі қанарлардың астында қалды. Бір уақытта жалғыз қалыппын. Сарбаздардың барлығы машинаның далдасына шығып үлгерген. Олардың қасына барайын десем сыятын орын жоқ. Біздің артымызда отын-су, азық-түлік артқан машина тұрған болатын. Ол машинада шофер ғана еді. Сол шофер маған бері-бері деп айғайлағанын естідім. Бытыр-бытыр оқ атылғанда ес шығып кетті. Біздің алдымыздағы байланыс машинасы да отқа оранды. Содан шыққан қою түтіннің арасымен артқы машинаның далдасына шығып үлгердім. Басың қылт етсе, снайпер жоқ қылады. Сол аралықта менің қасымдағы шофер біздің машинаны паналаған сарбаздарға: «андағы жерден тез кетіңдер, қазір жарып жібереді» деп айғай салды. Сол сәтте граната орталарына ұшып түсті. Сарбаздардың тоз-тозы шықты. Біреуінің басы жұлынып кеткен, біреуінің ішек-қарыны ақтарылып қалған дегендей. Енді біреуі жаралы жатыр. Көмекке ұмтылғандарын атып түсіреді. Автомат үш «оқшантайдан» кейін қызып кетіп атпай қалады екен. Тек бір-бір-



ден ғана атуға болады. Сөйтіп қарсыдағы орыс соңғы «оқшантайды» атпай-ақ қой, қасыңа келіп қалса ғана көресің, енді қалғаны күту дегенді айтты. Алайда мына жерден біз де кетпесек қазір бұны да жарады деді. Біз таудың шатқалында, жау әскері келесі беттегі тау үстіне орналасып алып төбеден оқ жаудырып тұрғандықтан жансақтау өте қиын. Бір уақытта сәл алыста бір тас тұрғанын көрдім де қою түгін бұрқ еткенде солай қарай ұмтылдым. Мен кете бере біз қалқалап отырған машинаның бензобағы жарылып, қызыл жалын аспанға атылды. Осылай абыр-сабырмен есіміз шығып жүргенде сағат кеш болып қойыпты. Кешкі сағат 6 шамасында бізге орталықтан көмек келіп, жаудың бетін қайтарды. Содан біраз уақыт өткен соң барып бізге жаралыларға көмектесу керек екендігі айтылды. Орталықтан келген машиналарға жаралыларды жинап салып бердік, ал қайтыс болғандарды алуға ол күні мүмкіндік болмады. Таң атқанша жау жақ жағаны аңдумен болдық. Бірақ ешқандай қарсы оқ атылмай тыныш болды. Ас-су ішпегелі екі күнге айналып бара жатқандықтан болар шөлге шыдамадық. Жағаға түсуге сескендік. Алайда таңға жуық үш-төрт сарбаз 5-6 каскаға су толтырып алып келді. Шөл қысқаны соншалық кіркір каскадағы өзеннің лай суы бал татыды ғой. Ертеңінде таңға жуық тыныштық орнады деген соң барып оққа ұшқан сарбаздарды жинастырдық. Сол жолы бара жатқан 100 шақты сарбаздан 30-дан астам жауынгер жараланып, 17-і қаза тапты. Содан кейін сол «горячи точкада» 2 ай болдым. Белгілі топтар өзенге тросс керіп қойып ары-бері есірткі өткізіп тұрған екен. Соғыс кезінде ол тросс үзіліп быт-шыты шықты. Сонымен шаруа аяқталғандай болды. Біраз күннен кейін қазақстандық генерал келіп қорқып тұрғандарың кері қайтуларыңа болады дегенді айтты. Алайда қайтып кетуге намысым да, арым да

жібермеді. Оққа ұшқан отандастарымның антына адал болмағандай болатын болдым. Сөйтіп соңғы екі айды аман-есен өткеріп қайтып, – деп есіне алды Дәулет Елеусізов.

Осылайша, Тәуелсіз еліміздің әскери құрамында болып алғаш рет шетел шекарасында ұрысқа қатысып келген тәжік-ауған соғысының ардагері бір күндік ұрыс майданының майын тамызып айтып берді.

Ерліктері елдің есінде

Бұл майданға қатысқандардың қазір «басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс-қимылдар ардагері» деген арнайы статусы бар. Жыл сайын ерлікпен қаза тапқандарды еске алып, тірі қайтқан жауынгерлерге 7 сәуір күні құрмет көрсетіледі.

– Мен де тәжік-ауған шекарасына 1998 жылы барып, үш ай болып қайттым. Бақытымызға орай, біз күзетте болған заставада ешқандай атыс-шабыс болмады. Шекараны сақтықпен күзетіп,

бейбітшілік миссиямызды аман-есен атқарып қайттық. Соғыс ардагері ретінде жас сарбаздарға бұл күннің маңызы туралы жыл сайын баяндап береміз. Біраз жыл бұрын соғыс ардагері ретінде автобуспен тегін жүріп, өзге де жеңілдіктер жасалып тұратын. Бұл жеңілдіктер бірнеше жыл үзіліп қалып, бертін келе қайта жалғасын тауып келеді. Ең бастысы ерлікпен қаза тапқан майдандастарымызды еске алып, ұрпаққа дәріптеп келеміз, – дейді басқа ел шекарасындағы ұрыс-қимылдарының ардагері Бекжан Көшкінбаев.

Бүгінде тәжік-ауған соғысына қатысқандарға ай сайын 15 мың теңге жәрдемақы төленіп, өзге де жеңілдіктер көрсетіледі. Ерлікті дәріптеу іс-шараларымен қатар, бұл майданды арқау еткен «Қазбат» атты кино туынды да жарық көрген болатын. Осылайша, Ұлттық ұлан жыл сайын 7 сәуірді ерлікті еске алу күні ретінде өткізіп келеді.

**Алтай ҒАЛИ-АСҚАР,
Өскемен қаласы**



ҰЯДА НЕ КӨРСЕҢ...

Әскердің адам өміріндегі алар орны ерекше. Кейде осы әскери қызметтің арқасында адамдар танысып, жанұя құрып, отбасылы болып жатады. Атадан балаға, баладан немереге әскери кәсіп беріліп, өз жалғасын тауып жататын сәттер де болады. Жуырда Талдықорған қаласындағы 5514 әскери бөліміне сапармен барып, Отанға адал қызмет атқарып жүрген жанұямен таныстық.

Ефрейтор Рауан Тұрсынәлі 5514 әскери бөлімінде ит нұсқаушысы болып қызмет атқарады. Осы саланы таңдағанына 10 жылға жуық уақыт өтіпті. Жалпы әскери саламен бала кезінен бастап таныс. Өйткені, оның ата-анасы аталмыш әскери бөлімде қызмет атқарған, бүгінде бейнеттерінің зейнетін көріп отырған ардақты ардагерлер.

– 2002 жылы 5514 әскери бөлімінің қабырғасы қаланған болатын. Сол жылы әскери лазарет ашылып, анам Меруерт Болатбекқызы фельдшер маман болып әскери қызметке орналасады. Әкем ол кезде құқық қорғау органдарында қызмет атқарушы еді. Анамның кеңесін тындап, ол да құқықтық тәртіп әскеріне жұмысқа орналасады. Әскери бөлімдегі пәтерді пайдалану қызметінің басшысы болды. Осылайша, ата-анам әскери бөлімде қызмет атқарды. Мен мектеп кезінде осы әскери бөлімге үнемі келетінмін. Кейде ерте, кейде кеш анаммен немесе әкемізбен үйге ораламыз. Сарбаздардың өмірін көрдім. Көптеген офицерлерді осында орналасқан кезден бастап білемін. Әке-шешем

уақыттың көбісін осында өткізетін. Былайша айтқанда, бұл жер біздің екінші үйімізге айналды. «Отан – отбасынан басталады» деуші еді. Мен үшін отбасы осы әскери бөліммен тығыз байланысты, – дейді Рауан Қайратұлы.

Кейіпкеріміздің ата-анасы 5514 әскери бөлімінің ардагерлері екені білген соң жарғақ құлағымыз жастыққа тимей, олармен кездесуге асықтық. Сонымен не керек, Рауанның ата-анасы бізбен кездесуге келісіп, кейіпкеріміздің үйіне бардық. Олар бізді құшақ жая қарсы алды. Үйлеріне Рауанның әжесі де келіпті. Біз алдымен ақылшы әжемізді сөзге тарттық.

– Біз Алматы облысы Кеген ауданының тумасымыз. 30 жыл бойы совхозда сауыншы болған, 10 жыл ауыл шаруашылығымен айналыстым. Көпбалал анамын. 12 құрсақ көтердім. Үш ұлым әскери қызметті таңдады, бір немерем бүгінде Ұлттық ұланда қызмет атқарады. Келінім әскери қызметте жұмыс жасады. Барлығы лайықты өмір сүру салтын таңдады. Заманымыз тыныш, еліміз аман, мемлекетіміз тәуел-

сіз. Одан басқа не керек? Қалғанын адам баласы еңбек ету барысында қол жеткізеді. Ұрпағымды үнемі еңбек етуге шақырамын. Адал еңбек арқылы өмірде жетістіктерге жетуге болады, – деп айтты ...

Рауанның әкесі Қайрат Тұрсынәліұлы да газет тілшісі екенімді естігенде естелігімен бөліскісі келді.

– Мен Талдықорған қаласында оқуды аяқтадым. Спортпен айналыстым, әскерге бардым. Кейін жасөспірімдерге арналған полиция қызметінде, одан соң арнайы күзет қызметінің басқармасында қызмет атқардым. 2006 жылы 5514 әскери бөлімнің тыл қызметіне жұмысқа орналастым. Содан бері өміріміз құқықтық тәртіп әскерімен етене байланысты. Ұлымды әскерге жібердім. Елге оралған соң өзімнің қызмет атқарған әскери бөлімге қызметке орналасуға кеңес бердім. Ұлым Рауан тілімді алып, жолымды жалғады. Екінші ұлым болашақта Петропавл қаласындағы Ұлттық ұлан Академиясына оқуға түсуді жоспарлап отыр. Барлығы отбасынан басталады. Ең бастысы еліміздің патриоты болуымыз керек. Патриот болмасақ, елімізді қорғай алмаймыз. Сондықтан бала тәрбиесінде мен елжандылықты алдыңғы кезекке қоямын, – дейді ол.

Қайрат Тұрсынәліұлы қызметтегі тыл мәселесі мен тәрбие мәселесін тілге тиек етсе, оның жан жары Меруерт Болатбекқызы әскери қызмет пен отбасылық мәселелер туралы сөйлеуді жөн көрді.

– Әлі есімде Рауан мектеп кезінде 5514 әскери бөліміне көп келетін. Үйдің үлкені, жауапкершілігі мол. Іштей ойлайтынмын осы балам әскери қызметкер болады ма деп. Өйткені, мінезі де осы салаға келеді. Әскери бөлімде мерекелік шаралар болған жағдайда, балам ән айтуға келетін. Өздеріңіз білесіз, әскери қызмет барасында барлық уақытымыз осы әскери бөлімнің аумағында өтетін. Мереке күні бала-шағамызды ертіп, әскери бөлімнің аумағында атап өтетінбіз. Барлығымыз тату-тәтті өмір сүріп, жұмысты да, мерекені де бірге өткізетінбіз. Рауан балам ән шырқайды. Барлығымыз мәз-мейрам





болып үйімізге қайтамыз. Осылайша, біздің де балаларымыздың да біраз уақыты осы әскери бөлімде өтті. Әскери сала біздің өмірімізге үлкен әсер етті. Кезінде біз Отанға қызмет атқарсақ, енді ұлымыз осылайша қызмет атқарып жүр, - дейді Рауанның анасы.

Меруерт Болатбекқызының айтуынша, әйел әскери қызметшілер барлығына үлгеріп жүретін. Сарбаздарды тәрбиелеуге қатысатын, қоғамдық жұмысқа атсалысатын, әскери бөлімдегі бірде-бір сала нәзік жанды әскери қызметшілердің қатысуынсыз өтпейді. Сондай-ақ, отбасының шаруасын да бірге алып жүретін. «Рауан өте жауапты бала болып өсті. Бала кезінде Қайрат екеуіміз он күн үйде болмадық. Мені де, оны да іс-сапарға жіберді. Әскери қызмет болған соң бас тартпадық. Бала-шағаның шаруасын ысырып қойып, екеуіміз де шетте жүрдік. Сонда Рауан үйде өзі бас-көз болып, артынан өсіп келе жатқан бауырларын қарады. Тамағын жасап, сабағын қарасып, үйді таза ұстады. Бұл оның бала кезінен келе жатқан мінезі», - деп ағынан жарылды кейіпкеріміздің анасы.

Рауан Қайратұлы болса, бүгінде кинология қызметінің белді маманы. Бастапқыда есірткі іздеуші Гай есімді қызметтік итті баптаса, бүгінде Граф лақап атты неміс овчаркасын баптап келеді. Ол маған қызметі ту-



ралы былай деп тіл қатты.

– Итпен жұмыс істеу үлкен шыдамдылықты талап етеді. Қанша дегенмен тірі жан ғой. Бастапқыда есірткі іздеуші итім болды. Ол қызметтен босаған соң, айдауылға арналған Граф есімді қызмет ит берілді. Жануарды қалай баптайсың, оның қызметі де сондай болады, - дейді ефрейтор Рауан Тұрсынәлі.

Рауан атасынан жалғасқан әскери қызметті бүгінде лайықты жалғастырып келеді. Әскери бөлім басшылығы кейіпкеріміздің қызметіне оң бағасын беруде. Ол елеулі ең-

бегімен ортасында беделді, сенімді дос, қадірлі қарулас. Әкесінен тәлім алған Рауан бүгінде өзі де әке атанды. Жан жары Жадыра Русланқызы екеуі көтерген шуақты шаңырақта Раяна, Фараби есімді ұл-қыз өсіп келеді. Жадыра Русланқызы да өмірлік серігіне барынша қолдау көрсетіп отырады. Кім білсін, болашақта Тұрсынәлі әулетінде үшінші буын әскерилер болатын шығар. Атақты қолбасшы, Бауыржан Момышұлы айтқандай: «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» .

**Майор
Дарын СЕЙТОВ**



Эдуард Сапаров: Әр жарысқа барарда әке-шешемнің батасын аламын

Ұлттық ұлан қатарында қызмет етіп жүрген әскери қызметшілер өз жұмыстарына ғана емес, жеке өмір дағдыларына да асқан ықтиятпен қарайды. Бірі шығармашылығын шындаса, енді бірі спорт түрлерінен атой салып жүр. Сондай спортшының бірі – Ақтөбе қаласындағы 6655 әскери бөлімінің қызметкері Эдуард Сапаров.



– Эдуард Кәдіханұлы, оқырмандарға өзіңіз жайлы айтып берсеңіз.

– Мен 1982 жылы 5 қарашада Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Сарбие ауылында дүниеге келгенмін. Жол көрсетер ағам, артымнан ерген інім және бір қарындасым бар. Әкем ауылда электрик болып жұмыс істеді. Анам үй шаруашылығымен үйде болды. Сол ауылда мектеп табалдырығын аттап, 1999 жылы түлек атандым. Менің оқушы кезімде ауылда спортпен шұғылданатын мүмкіндік болған жоқ. Бірақ біздің спортқа деген қызығушылығымыз зор болды. Сондықтан ауылда футбол ойнап, турникке тартылып өзімізше спортпен шұғылданғандай болдық. Мектептен кейін Орал гуманитарлық колледжіне дене тәрбиесі мамандығының студенті болып қабылдандым. Сол жерде самбо күресін үйрене бастадым. Ол жерде мені Берік Жұмағалиев жаттықтырды. Райымбек Молдағалиев ағайым да осы спорттың қыр-сырын меңге-

руіме себепкер болды. 2002 жылы аталған оқу орнын аяқтап шыққан соң, әскерге аттандым. Әскери борышымды Алматы облысында шекара қызметінде өтедім. 2002 жылы Алматы облысының Іле ауданы Борылдай ауылында Шекара қызметінің парашюттік-десанттық заставасында Отан алдындағы міндетімді атқардым. Ол жерде де самбо күресінен және жекпе-жек ұрыстан сайыстарға қатысатынымын.

– Банкерлеріңіз жайлы айта кетсеңіз.

– Ең алғашқы жаттықтырушыларым Берік Жұмағалиев пен Райымбек Молдағалиев болды. Ал әскерден оралған соң Ақтөбеге келіп, Асылбек Құлмағанбетов, Алтынбек Жиенбаев ағайлардан тәлім алдым. 2006 жылы Ақтөбе қаласындағы 6655 әскери бөліміне жұмысқа қабылдандым. Содан бастап мені Сәтжан Әбішев ағай жаттықтырады. Жекпе-жек ұрысына қатысуыма да себепші болған жан – сол кісі. Өмір жолымның бүгінгідей өрілуіне осы азаматтардың өлшеусіз үлесі әсер етті.

– Бүгінге дейін біраз жетістіктерге жеткен екенсіз...

– Иә, шүкір! Самбодан және жауынгерлік самбодан Қазақстан Республикасының спорт шеберімін. 2010 жылы Ташкентте өткен Азия чемпионатының күміс жүлдегері атандым. 2008-2011 жылдары Орал қаласында болған әлем кубогында қола жүлде иелендім. Жекпе-жек ұрыстан 2015 жылы алғаш рет өткізілген Президент кубогында үшінші орын алдым. Өзіміздің Бас қолбасшымыздың кубогына таласта екі мәрте екінші орын алдым. Бүгінде 6655 әскери бөлімінде әлі күнге

дейін келісім-шарт негізінде жұмыс істеп келемін. Қазір Ұлттық ұланның самбодан және жекпе-жек ұрыстан жаттықтырушы болып жүрмін. Сондай-ақ төрешілік етумен де айналысамын.

– 7-9 сәуір аралығында Шымкентте ұландықтар арасында өткен жекпе-жек ұрыста төрешілік еткен екенсіз. Жарыс қалай өтті?

– Иә, турнирде төреші болдым. Жарыс тартысты өтті. Әсіресе финалдық кезеңдер көпшілікке ұнағаны сөзсіз. Біріншіден, мен мұнда өзіміздің «Батыс» құрама командасын іріктеп, алып келген едім. Оларды осы жарысқа арнайы дайындадым. Шүкір, жақсы нәтиже көрсетті. Командалық есепте I орын алдық. Бұл әр жаттықтырушы үшін үлкен қуаныш. Еңбегіміз ақталды. Апарған 8 спортшымыз түгел жүлдеге ілікті. 4 спортшымыз құрама командаға қосылатын болды. Еншімізде 2 алтын, 3 күміс, 3 қола медаль бар. Алдағы уақытта екі ірі жарыс болады. Олар сол жарыстарда өнер көрсетеді. Соған талаптанамыз. Алдағы жарыстарда Ұлттық ұланның намысын қорғап, туын көкке көтеретін үздіктер іріктелді. Ұлттық ұланның құрама командасын бертінге дейін Арман Ақашов, Сатжан Әбішев, Берік Елеу ағаларымыз жаттықтырып келген. 2020 жылдан бастап ағаларымыз сенім артып, тізгінді бізге табысты. Соған қарамастан әлі күнге дейін сол кісілердің ақыл-кеңесін алып отырамыз. Ол кісілер біздерді әлі де қадағалап отырады. Биылдан бастап жаттықтырушы Мирас Бірімжанов екеуміз құраманы алдағы додаларға дайындаймыз. Бұдан бөлек жалпы Қазақстан чемпионаты сияқты өзге де жарыстарда әділ-қазылар қатарынан табылып тұрамыз. Жекпе-жек ұрыстан, самбодан және жауынгерлік самбодан да төрешілік етеміз.

– Спорттағы қумириңіз кім? Өмірде кімді үлгі тұтасыз?

– Спортта жүргендердің көбі



қасиеттер еш жерде кезікпейді. Десе де спортшыларға тән қасиеттің бірі – төзімділік пен табандылық. Әрине, бұл менің жеке пікірім. Спорт – санын сауықтырып, денені сергітеді. Сол үшін де жігіттер спортпен айналысуы керек.

– **Есіміңіз ерекше екен.**

– Есімімді әкемнің Тұрсынай деген қарындасы қойыпты. Өзіне ұнаған соң, менің есімімді Эдуард деп қойған екен.

– **Бос уақытыңызда спорттан бөлек немен шұғылданасыз?**

– Бос уақытта кітап оқып тұрамын. Екі қызым, бір ұлым бар. Қолым қалт еткен сәтте отбасыма көңіл бөлгенді жөн санаймын. Солардың көңілін аулап, жандарына тыныштық сыйлай алсам содан артық бақыт бар ма?! Ұлымды жүзу өнеріне баулып жүрмін, күресіп те үйреніп жүр. Ер бала болған соң спортты жанына серік еткені жөн ғой. Сондықтан оны тәрбиелеуді өзім қолыма алдым десем де болады.

– **Өміріңізде алғыс айтқыңыз келетін жандар бар ма?**

өздерінің үлгі тұтатын адамдары барын айтып жатады. Шыны керек, біздің Ақтөбеде жақсы-жақсы спортшылар болды. Басқа қалаларда да мықты спортшылар болды. Жасыратыны жоқ, соларға қарап, мен де сондай жетістіктерге жетсем екен деген оймен көп жаттықтық. Дегенмен алдыңғы буыннан ешкімді өзіме үлгі тұтпаған екенмін. Бірақ аға-інілеріміздің жетістігін қайталап, солардың деңгейіне жетсем деген арман-мақсат болды. Соның нәтижесінде біршама дүниені үйрендік. Осы жолда жоғарыда аталған ағаларымның еңбегі орасан. Әсіресе, Сәтжан Әбішев ағай бертіңге дейін жанымда жүрді. Осындай жетістіктерге жету жолында маған көп қолдау білдірді. Өлі де сол кісінің ақылына құлақ асып, керек жерде кеңесіп тұрамын.

– **Ізбасарларыңызға тоқталып өтсеңіз.**

– Жауынгерлік самбо күресімен шұғылданып жүрген іні-бауырларым бар. Соның ішінде Еламан Қойшыбай, Жасұлан Базарбай, Ғазиз Бейбітов, Салих Шәріп, Азат Куанов інілеріміз де артымыздан еріп келе жатыр. Оларға да көрген-білгенімізді үйретуден жалықпаймыз.

– **Спортшыларға тән қасиеттер қандай болады?**

– Әр адам – жеке тұлға. Сол секілді олардың мінез-құлқы,

бітім-болмысы да бөлек болады ғой. Сондықтан қатып қалған стандартты





– Жеткен жетістіктерім жалғыз өзімнің еңбегім десем қате болар. Сондықтан жұмыстағы басшыларыма, Ұлттық ұланның қолбасшылығына, бапкерім бола білген Сәтжан Әбішев ағамызға айтар алғысым зор. Бірінші Алла, екінші ата-анам мен бауырларымның қолдауына иек артсам, үшіншіден спортқа келуіме және спортта әлі күнге дейін жүруіме себепші болған адамдардың арқасында бірқатар жетістікке жеттім. 37 жасқа дейін жекпе-жек ұрыстан және жауынгерлік самбодан боз кілемде белдесіп жүргенім жоғарыдағы кісілердің демеуі мен қолдауы деп білемін. Спортқа жақын болып өсуіме кішкентай кезімнен ата-анам себепкер болды. Менің өсіп-өнуіме еңбек сіңірген жандар да солар. Қай жарысқа кетіп бара жатсам да әке-шешемнің батасын алып отырамын. «Баласы атқа шапса, анасы үйде тақымын қысады» дегендей олар әркез тілеуімді тілеп отырады. Сондықтан оларға айтар алғысым шексіз. Отбасылы болғаннан кейін жарысқа дайындалып жүргенімде жан-жарым да жанашырлық танытты. Себебі кей жарыстардың алдында салмағымызды азайтып, біраз дайындық жасаймыз ғой. Сондайда тамағыма, денсаулығым, ұйқыма ұқыппен қарайды. Ата-анам бір жақтан, жұбайым екінші жақтан жағдайыма қарайласып отырады. Сондықтан әр жеткен жетістігімді бірінші ата-анам көрсетіп, соларға жіберіп тұрамын. Олар менің марапаттарымды асқан құрметпен ауыл-

дағы үйде жинап отырады.

– *Бала-шағаңыз жайлы тоқтала кетсеңіз*

– Үш бала тәрбиелеп отырмын. Үлкені – Анар (12 жаста), ортаншысы – Омар (9 жаста), кенжем – Әзиза (1 жастан асты). Жолдасымның есімі – Ақгүл. Бос уақытымды отбасыма арнауға тырысамын. Спортшы ретінде менің жетпеген жетістіктеріме ұл-қыздарым жетсе екен деймін. Балаларым шахмат үйірмесіне барып

жүр. Омар балам 4 жасынан бассейнге барып, жүзуді үйреніп алды. Амандық болса, қыркүйек айынан бастап ұлымды самбо күресіне баулуды жоспарлап отырмын. Мен шықпаған биікке ұлым шықса екен деп тілеймін.

Әңгімелескен
Қатардағы
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ



Он жеті жауынгерді еске алуға арналған турнир өтті

Шымкент қаласында орналасқан Қ. Мұнайтпасов атындағы Орталық стадионның спорт кешенінде 1995 жылы 7 сәуірде тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан ішкі әскерлердің 17 жауынгерін еске алуға арналған Ұлттық ұланның ұландары арасында жекпе-жек ұрыстан дәстүрлі чемпионат өтті.

– Ұлттық ұланның 4 өңірлік қолбасшылығынан («Оңтүстік», «Шығыс», «Батыс», «Орталық») 80-ге жуық спортшы жеті салмақ дәрежесінде сайысқа түсті, сондай-ақ жарысқа Ұлттық ұлан Академиясының, 5573 әскери бөлімінің (Астана қаласы) және 6654 әскери бөлімінің (Қаракемер кенті) командалары қатысты.

біздің спортшылар ерік-жігер, қайсарлық пен жауынгерлік рух көрсетті. Әрине, олар өз бойларындағы рухтарын байқатты. Сондықтан, Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланың Бас қолбасшысы генерал-майор Еркін Ботақанов атынан және жеке өз атымнан барша финалдық шайқастардың жеңімпаздарын жеңістерімен тағы да



құттықтаймын, - деді Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының орынбасары генерал-майор Бауыржан Әбжанов.

Турнир жеңімпаздарын Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының кеңесшісі генерал-майор Альберт Маткаримов, құқық қорғау күштерінің ардагері генерал-майор Шерімхан Шанбаев, запастағы подполковник Арман Ахашев және Қазақстан чемпионы, бокстан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, әлем чемпионаттарының үш дүркін жеңімпазы Абылайхан Жүсіпов марапаттады.



Іс-шараның басты мақсаты – әскери қызметшілер арасында әскери-қолданбалы спорт түрі ретінде жекпе-жек ұрысты және салауатты өмір салтын насихаттау болды.

Турнирдің жабылу салтанатында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының орынбасары генерал-майор Бауыржан Әбжанов барша қатысушыларды турнирдің аяқталуымен құттықтады. Сонымен қатар, жарысқа жоғары дайындықпен келгендері үшін алғыс айтып, алдағы уақытта да спорттық жетістіктерге жете берулеріне тілектестік білдірді.

– Бүгін біз турнирдің финалдық кезеңінің көрермені болдық. Ал



Бұл жарыстарда барлық командалар өздерінің үздік спортшыларын көрсетті. Олардың ішінде Ұлттық ұланның құрама командасына іріктеу үшін ең мықтылары анықталды. Сондай-ақ, аталған іс-шара барысында жоғары ауқымдағы жарысқа қатысу үшін үздік спортшылар таңдалады. Яғни, үздік шыққандары Қазақстан Кубогы мен Қазақстан чемпионатына қатысады, - деді жарыстың бас төрешісі полковник Сәтжан Әбішев.

Үш күнге созылған спорттық бәсекенің қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте «Батыс» ӨңК командасы бірінші орынды, Ұлттық ұлан Академиясының командасы екінші орынды, «Оңтүстік» ӨңК командасы үшінші орынды иеленді.

57 келіге дейінгі салмақта «Оңтүстік» ӨңК 5513 әскери бөлімінің әскери қызметшісі қатардағы Елжас Түсіпханов, 62 келіге дейінгілер арасында «Орталық» ӨңК 6697 әскери бөлімінің әскери қызметшісі ефрейтор Мәлік Байсұлтанов, 67 келіге дейінгі салмақ бойынша «Батыс» ӨңК 6655 әскери бөлімнің жауынгері қатардағы Нұрсұлтан Измұрзаев, 73 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде «Батыс» ӨңК 3502 әскери бөлімінің әске-

ри қызметшісі ефрейтор Мансұр Мимбулатов, 80 келіге дейінгі салмақта «Оңтүстік» ӨңК 5513 әскери бөлімінің әскери қызметшісі қатардағы Руслан Абдурашидов, 88 келіге дейінгі салмақта елорданың 5573 әскери бөлімінің әскери қызметшісі қатардағы Қабылет Манарбек, ал 97 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде ҚР Ұлттық ұлан Академиясының IV курс курсанты сержант Бексұлтан Алпысбаев жеңімпаз атанды.

Жарыс жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтті. Әсіресе, бірінші орындар үшін болған сайыстар тартысқа толы болды. Сәйкесінше спорт кешенінің залына жиылған жанкүйерлер де көп болды. Сондықтан болар финалға жеткендердің әрқайсысы керемет жекпе-жек көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша турнир жеңімпаздары - ҚР Ұлттық ұланының «Батыс» ӨңК құрама командасы сегіз медаль жеңіп алды. Олардың еншілерінде екі алтын, үш күміс және үш қола медаль бар.

– Ұлттық ұлан қатарында қызмет ету – бала кезімнен бергі арманым. Менің жеңісім, ең алдымен, жақсы дайындықтың нәтижесі деп білемін. Ол үшін мен патриотизм рухында тәлім-тәрбие бергені үшін бөлімнің қолбасшылығына ризашылық біл-

діремін. Сондай-ақ, «Батыс» ӨңК қолбасшылығына жан-жақты қолдау көрсеткені үшін алғысымды білдіремін, – деді 67 келі салмақтағы турнир жеңімпазы қатардағы жауынгер Нұрсұлтан Измұрзаев.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен, грамоталармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ түрлі номинациялар бойынша марапаттар берілді «Оңтүстік» ӨңК 5513 әскери бөлімінің әскери қызметшісі қатардағы жауынгер Елжан Түсіпханов «Жекпе-жектегі үздік техникасы үшін» номинациясына ие болды, ал «Көрнекі жекпе-жек» номинациясы бойынша барлық жекпе-жектер арасында ең жылдам жекпе-жек өткізген «Шығыс» ӨңК 6679 әскери бөлімінің әскери қызметшісі қатардағы жауынгер Медет Әбиолдаұлына табысталды, ал «Шығыс» ӨңК 6654 әскери бөлімінің сарбазы (Қаракемер кенті) қатардағы жауынгер Мирас Нұрмахан «Жеңіске деген құлшынысы үшін» номинациясы бойынша марапатталды.

**Полковник
Ерболат СҰЛТАНОВ,
Шымкент қаласы**



МАҢЫБАЙ БАТЫР

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Жарқайың ауылы - өңірімізде елі мен жерінің аты шыққан тарихи мекенжай.

Осы мекенжайдың орналасуы мен қалыптасуының басында Мендібайұлы Маңыбай батыр-би тұрды. Ол 1720 жылы туып, 1810 жылы 90 жасында дүниеден өтті. Қабірінің қай жерде орналасқаны белгісіз, іздестіру шаралары жалғасып жатыр. Оның батыр болғандығы туралы алғашқы дерек ата-баба шежіресінде көрсетілген. Ал шежіренің халқымыздың баға жетпес байлығы мен құндылығын дәлелдеп тұрған тарихи жылнама, дерекнама, туыстық кесте екені әр қазаққа белгілі.

Сонымен қатар, Маңыбайдың батыр болғандығы туралы тарихи жазба-дерек орыс патшалығына ант беру рәсімінде көрсетілген № 93 құжатында «1742 г., август 23-30 – Присяжный лист хана Абулхаира, султана Ерали, батыров, биев и старшин Малого, Среднего и Большого жузов» (Казахско-русские отношения), стр. 220-222) орын алған. Аталған құжатта 1742 жылғы 28 тамызда Орта жүз, Арғын руының тізіміндегі 31 сандық реттемеде «Маңыбай батыр» деп жазылған.

Осы орайда, 22 реттік санмен Досан батыр, 23 – Майлыбай батыр, 32 – Күштай батыр, 33 – Байжігіт батыр, 34 – Есенгелді батыр, 35 – Құлеке батыр, 36 – Болат батыр, 37 – Байназар батыр жазылғандары кездейсоқ құбылыс емес, өйткені олардың барлығы Солтүстік Қазақстан өңірінен шыққан батырлар. Демек бұл үдіріс осы батырлардың бір аймақтан бірге келіп, бір мезгілде, бірінен соң бір қол қойып, ант бергендіктерін дәлелдеп тұрғандай.

Атығай руының шежіресін зерттеушілердің дерегі бойынша, Абылай ханның айналасында болған Атығайдың 77 рубасыларының ішінде, тегі бойынша Дәуіт (Атығай) – Қалқаш – Құдайберді – Жемет – Жұмық – Мендібай болып келген, Маңыбай Мендібайұлы атақты батыр, елші, 1750-1760 жылдардағы мұрағат деректерінде «Мананбай, Манабай ба-

тыр» көрсетілген деп аталады.

Бұл деректер Маңыбай батырдың Атығай руынан шыққан, Абылай ханның атақты батырлары, сенімді елшілері болған Құлсары, Құлеке батырлармен бірге қалмақтарға қарсы жорықтарға қатысқанын, елшілік қызметтер атқарғанын, Есіл өзенін бойлай көршілес қоныстанғанын нақтылай түседі.

Маңыбай батырдың үш әйелінен тараған ұрпақтарының ішінде халқына қалаулы, еліне елеулі болған тарихи тұлғалар жеткілікті. Атап айтқанда: Ораз би (1740-1773ж.); Данияр би (1770-1853ж.) – 1853 жылы Жарқайың ауылында, Көкшетау өңіріндегі алғашқы төрт мешіттің бірі болған, мешіт салып медресе ашқан; Кенжеәлі би (1829-1911ж.); Мұса би, ауылнай (1860-1910ж.); Тоқбетәлі би, қазірет, иман, қажы (1821-1905ж.) – Орынбор муфтиятынан арнайы куәлік алған, Данияр мешітінің алғашқы имамы; Қожахмет Тоқбетәліұлы, қазірет, ишан, қажы (1852-1914ж.) – заманының ғұламасы атанған, Қызылжарда және Бұхарада жоғары діни білім алған, Данияр мешітінде имамы, медреседе арабша, фарсыша ұстаздық еткен; Баязит Тоқбетәліұлы, қажы (1870-?) – Данияр мешітінің имамы; Мұхамеджан Тоқбетәліұлы (1872-1921ж.), халифа (қари), қажы - Қызылжар қаласы медресесінің ұстазы, Дани-

яр мешітінің имамы; Ахметәлі Тоқбетәліұлы, халифа - Бұхара қаласы медресесінің ұстазы, Қызылжар қаласы мешітінің имамы; Жағыпар Тоқбетәліұлы - Бұхара қаласында өзінің жеке медресесі қызмет атқарған; Қази Айтуарұлы (1861-1917ж), халифа (қари), қалпе - Қызылжар қаласы медресесінің ұстазы, жеке меншік медресе ұстаған; Смағұл Баязитұлы (1890-1967ж) – Данияр мешітінің имамы; Әубәкір қари Сабралыұлы – он алты жасында қари атанған, Қызылжар мешітінің имамы; Сайбан (Шерияздан) Омарұлы (1863-1940ж) қажы – Мекке, Мадинеге екі рет қажылық жасаған, екінші қажылығы – Тоқбетәлі қазіреттің атынан жасаған бәдәл қажылық; Жайлыбай қари Рахметұлы (1905-194?ж) – он екі жасында бала қари атанған.

Сонымен бірге, Маңыбай батырдың жеті немересі әулие дәрежесіне дейін көтерілген.

Алдағы уақытта Маңыбай батырдың ұрпақтары Жарқайың ауылының ортасында батырдың құрметіне ескерткіш тақта орнатуды жоспарлап отыр.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР және РФ әскери ғылымдарының академигі, отставкадағы полковник Жанбатыр САРТАЕВ





Сіздің Ұлттық ұлан жайлы журналыңыз